


Л. К. Сапарова, М. Д. Қурбаниязов

Жалпы психология
(Әдістемелік құралы)



Нөкіс-2014

Әдістемелік құралында психологияның жалпы мәселелері, жеке адамның бойындағы психикалық процестер, сондай-ақ жеке адамның басында болатын өзіндік ерекшеліктер баяндалады. Жалпы психологияның салалары, әдістері, психика және сананың дамуы, іс-әрекет, қарым-қатнас, тұлға, зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял жөнінде сөз барады.

Әдістеме жоғары оқу орындары бакалавр бағдарының барша мамандық білімгерлеріне, сондай-ақ психология пәні менен қызығушыларға арналады.

Кіріспе

Жалпы психология атты әдістемелік құралы Жоғары оқу орындары бакалавр бағдары оқу жоспарының, бағдарламаға қойылатын талаптары негізінде жазылды.

Бүгінгі күнде психологиялық білімді социал тұрмыстың барлық саласында қолдану және жүзеге асырудың тиімділігі, көлемінің кеңейіп баруы, бұл сол ғылымның қоғамдағы орнының негізі екендігінен белгі береді. Соның үшін де психология ғылымы қазіргі заман талаптарына жауап беретін сатыда болуы тиіс.

Мемлекетіміз Президенті И.А.Каримов шығармалары, Өзбекстан Республикасының «Білімдендіру туралы» заңы, «Кадрлар таярлаудың ұлттық бағдарламасы» сала мамандарының алдына сенімділік жауапкерлікті, талап және жұмыстарын, міндетін артып отыр. Осы міндеттемені амалда қолдануда психология ғылымы айрықша рол атқарады. Мамандарды таярлауда психология ғылымының процестерін дамыту аса маңызға ие. Сондықтан, білім процесінің барлық түрлері және басқыштарында оқудың тиімділігін асыруда жалпы психологияның заңдылықтарына сүйене отырып жұмыс алып барған жөн.

Солай екен, бұл әдістеме жоғары оқу орындары білімгерлері үшін арнайы жазылған. Бұл әдістемені істеп шығудан мақсат білімгерлерге психология пәнінен қазақ тіліндегі әдебиеттердің жетіспегендігі және бұл ғылымды үйренуде көзге түспейтін ішкі процестерді үйрену күрделі екендігін көрсетіп өтеміз.

Әдістемелік құрал тарау мамандарына, жоғары оқу орны білімгерлерінің семинар, теория, өзіндік жұмыстарды амалға асыруда психологиялық білім көндікпелерін жетілістіру мақсатында жүзеге келді.

Психология пәні предметі, міндеттері және әдістері

Жоспар:

1. Психология пәні предметі және міндеттері.
2. Психика туралы жалпы ұғым.
3. Психика және сана.
4. Психология пәні тармақтары және әдістері.

1. Психология пәні предметі және міндеттері. Адамның даму заңдары мен оның болмысының жасампаздық мүмкіндіктері жөніндегі білімдер жүйесі бүкіл қоғамның кемелденуі үшін өте қажет. Адам әр түрлі ғылым тұрғысынан жан-жақты зерттелетін объект, ал ғылымдардың әрбірі өзіне тән ерекше көкейкесті мәселелермен айналысады. Психология ерекшеліктерін танудың қиындығы олардың адам ақылына сиып болмайтын, қалыптан тыс, тылсым құбылыс болуында. Себебі әрқандай нақты заттың өзі мен оның қабылданған кейпі бір-бірінен ажыралып тұратыны даусыз. Жан ерекше, тәннен бөлек жасайтын құбылыс деген нанымның санаға терең ұялауы бұған мысал бола алады. Алғашқы адамның өзі де адамдар мен жануарлардың өлетінін, адамның түс көретінін сезіп, білген. Осыған орай адам ұстамға келетін тәннен және көрінбейтін жаннан - бірінен-бірі дербес екі бөліктен тұрады деген сенім туындады. Ал адам ұйқыдағы кезде, жан оның төнінен уақытша ажырап, қандай да бір басқа жерге ауысады. Осылайша, психикалық процестер, қасиеттер мен қалыптар ғылыми талдауға түсіп, зерттелгенге дейін адамдардың бірінің екіншісі жөніндегі қарапайым тұрмысдық психологияға тән ой – пікірлері жинақтала берді. Адам психика жөніндегі кейбір түсініктерді өз өмір тәжірибесі негізінде топтайды. Әлеуметтік қатынастар мен еңбек барысында түсінісуге, бірлікті тұрмыс құруға, іс-әрекет арқылы адамды тануға қажет болудан жинақталған жай психологиялық пайымдаулар ғылыми психологияға дейінгі білімдер ауқымын құрады.



XIX ғ. соңы XX ғ. басында танымалы ғалым Г.Эббингауз психология жөнінде қысқа дәл былай деген: Психологияның тарих алды ұланғайыр, ал тарихы өте қысқа. Психика зерттеулерінің тарихы деп отырғанымыз психологияның пәлсападан бөлініп, жаратылыстану ғылымдарымен ұштасып, өзінің эксперименттік зерттеулерін ұйымдастыра бастаған дәуірі. Бұл XIX ғ. кейінгі шерегі болғанымен, психология бастаулары көз жетпес асырлар тереңінде өріс алды.

Пән атының өзі де грек тілінен аударуында псюхе – жан рух туралы ғылым логос ғылым дегенді аңғартады.

Кең тараған түсініктерге жүгінсек, алғашқы психологиялық көзқарастар діни

ұғымдарға байланысты дүниеге келген. Шынында да, ғылым тарихы көрсеткеніндей, ежелгі грек философтарының алғашқы тұжырымдары адамды практикалық тану негізінде бастау білімдерін жинақтаған, жаңадан қалыптасып келе жатқан ғылыми ой-пікір бағыттарының жалпы дүние, со-ның ішінде жан жөніндегі діни-мифологиялық көзқарастарға қарсы күресінде дамуын тапты. Осыдан, жан жөніндегі зерттеулер мен түсініктер психологияның пәндік аймағының кемелденуінде бірінші кезең болды да психология әуел бастан жан туралы ғылым деп танылды. Бірақ бұл жанның не зат екеніне жауап табу оңайға соқпады. Әр тарихи дәуірлерде ғалымдар бұл сөз мағынасын сан қилы түсіндірді. Психика мәніне байланысты көзқарастардың қалыптасуы мен дамуы философияның өзекті мәселесін - материя мен сана, заттық және рухани болмыстардың ара қатынасын - шешуге тәуелді болып келді. Адам психикасы жөнінде тұрақты тәліматты бірінші рет грек ғалымы Аристотель жаратқан. Ол *жан жөнінде* деген еңбегінде психика жөнінде жан-жақты тоқталып, оның көптеген тәрептеріне түсіндірме жасауға әрекет еткен. Соның мен бірге, өзінен бастапқы ғалымдардың пікірлеріне тарихи шолу жасаған. Сондықтан да Аристотель психологияның *атасы* деп есептеледі.




2. *Психика туралы жалпы ұғым.*

Жалпы айтқанда, психологияның зерттейтін пәні бұл-психика болып есептеледі. Психиканың миға тәсірі ерекше, бірақ психика ерекше қасиет — айнала қоршаған ортаны бейнелендіретін қасиет. Бейнелендіру құбылысы табиғатта өте кең тараған, дегенмен психикалық бейнелендірудің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері бар.

Психология ғылым ретінде психиканың әр түрлі құбылыстарын зерттеу және түсіндірумен ғана емес, олардың мәнін қорыта талдау және ашып көрсету, яғни солардың негізінде психологиялық құбылыстар мен процестердің себептерін, әрі олардың болашақта көрініс беретіндігін болжауға болатын белгілі бір заңдылықтарды ашып анықтаумен шұғылданады. Бірақ психиканың құрылымы бір текті емес. Әсіресе, жануарлар психикасы мен адам санасының айырмашылығы орасан. Сонымен психология— жалпы алғанда психиканың және ерекшелеп алғанда адамның нақты тарихи жеке адам ретіндегі санасының пайда болу, даму және көрініс беру заңдылықтары туралы ғылым.

Психиканың шынында да ми қызметінің нәрі, оның ерекше қасиеті екендігі жануарларға жасалған көптеген тәжірибелер және адамдарды клиникалық жағдайда байқаумен дәлелденуде. Мәселен, мидың белгілі бір зақымдануы кезінде психика міндетті түрде өзгеріске ұшырайды және мидың қай учаскесіне байланысты екенін анықтауға болады: егер мидың сол жақ сыңарының шүйделік бөлігіндегі қыртысы зақымданса, адамның кеңістікте бағдар жасауы бұзылады, ал мидың самай бөлігі зақымданғанда сөзді, музыка әуендерін қабылдау (түсіну) бұзылады. Осындай және басқа да көптеген мысалдар психиканың ми қызметімен бірлікте екенін көрсетеді.



Ми қызметінің жаратылыстық ғылыми талдауы И. М. Сеченев пен И. П. Павловтың еңбектерінде берілген. И. М. Сеченев *Ми рефлекторы* (1863) деген еңбегінде психикалық қызмет бұл — рефлекторлық немесе бейнелендіргіш қабілеті бар қызмет деп жазған болатын. Ол психиканың рефлекторлық табиғатын аша келіп, адам миының рефлекторының үш буыннан тұратынын көрсетті. Бірінші, бастапқы буын — сезім мүшелерінде сыртқы тәсірден туатын қозу. Екінші, орталық буын — мида өтетін қозу және тежелу процестері. Солардың негізінде психикалық құбылыстар (сезіну,


елестеу, сезімдер және басқалар) пайда болады. Үшінші, соңғы буын — сыртқы құбылыстар және адамның іс- әрекеттері. Осы буындардың өз-ара байланысы және бір-біріне өз-ара себеп екендігін Сеченев ұсынған қағидаларда дұрыс көрсетілген. Біріншіден, психикалық құбылыстарға сыртқы әсерлердің себепші болу жайлы ашылады; екіншіден, психика ми қыртысында өтетін қозу мен тежелудің физиологиялық процесінің нәтижесі ретінде қаралады, үшіншіден, психика сыртқы қозғалыстарды және тұтас алғанда мінез-құлықты реттеуші ретінде қаралады.

Психиканың нақ осы ерекшелігі білім беру мен тәрбиелеу процесінде әр баланың жас шамасын және индивидуалды ерекшеліктерін ескерудің өте қажет екендігі жөніндегі педагогикалық маңызды принциптің негізіне алынған. Бұл ерекшеліктерді ескермейінше педагогикалық ықпал жасау шараларын әр бала қалай бейнелендіретінін білу мүмкін емес.

Психикалық бейнелену — ақиқаттың шынайы және дұрыс бейнеленуі. Психикалық бейнеленудің субъективтілігі, бейнеленетін затты адамға ғана тән түрде белсене құбылту айнала қоршаған дүниені дұрыс бейнелендірудің объективті мүмкіндіктерін ешбір жоққа шығара алмайды.

3. Психика және сана. Психика адамдармен қатар жануарларға да тән. Психиканың адамға ғана тән жоғары дәрежеде дамуын сана деп атайды.

Сананың пайда болуы және дамуы биологиялық жағдайларға ғана емес, сонымен қатар ең бастысы әлеуметтік тарихи заңдылықтарға байланысты. Сана — адамның қоғамдық тірішілік иесі ретіндегі тарихи дамуының жемісі, сондықтан да сананың даму процесі, оның әр көрінісі актісі адамзат қоғамы дамуының бүкіл барысымен және қазіргі әр жайт сайын ұшырайтын реалды тарихи



жағдайлармен анықталады.

Сананың тарихи сипаты оның жануарлар психикасынан айырмашылығын көрсететін бірінші сипат болып табылады. Айнала қоршаған дүниені сана деңгейінде психикалық бейнелендіру — танымның күрделі процесі болып табылады. Бұл процесс, оның ұдайы жетілуі, өз-ара байланысты үш бағытта, бір мезгілде өтеді. Ең алдымен, қоршаған әлемді бейнелендірудің өзі тарихи дамудың әр кезеңінде әр түрлі болады. Бұл бейнелеудің сипаты қашан да өмірдегі әлеуметтік тарихи жағдайларға тәуелді. Екінші сөзбен айтқанда, таным жалпы тарихи тұрғыда өзгереді.

Қоршаған әлемді бейнелендіру процесі әр адамның өмірі тұрғысында да өзгеріссіз қала алмайды, яғни таным онтогенетиалық тұрғыда өзгереді. Бейнелендіру ерекшеліктері адамның жасымен және жинақтаған индивидуалдық тәжірибесімен байланысты. Бейнелендіру әр белгілі бір таным актысының әр кезеңінде, білмеуден білуге, орталау, саяз білімнен әлдеқ толық және мәнді білімге, сезімдік танымын логикалық, абстрактылы танымға өту процесінде де әр түрлі болады. Бұл ретте бейнелену өзгерісі индивидуалды-гностикалық тұрғыда өтеді.

Адамның айнала қоршаған дүниені тануындағы тарихи, онтогенетиалық және индивидуалды-гностикалық бірлік — адам санасының жануарлар психикасынан айырмашылығын білдіретін екінші сипат.

Адамның еңбегі нәтижесінің заттануы, жинақталған тәжірибенің сөз жүзінде талданып қорытылып, есте сақталуы адамдарға тек қазіргі жайын ұғыну ғана емес, сонымен бірге өзінің өткен өмірін де білуге мүмкіндік береді. Өзінің өткендегісі мен бүгінгісін салыстыра отырып, адам объективті себеп-салдарлы байланыстарды ашуға мүмкіндік алады. Себеп-салдарлы байланыстарды біле отырып, адам болашағын қиял арқылы көз алдына елестете алады, бұл оған қызмет мақсатын саналы түрде белгілеуге және ерік күшін бүгінгісін қайта құруға жұмсауға мүмкіндік береді. Адамның саналы қызметі қашан да мақсат бағдарлы сипатта болады.

Адам санасының мақсат бағдарлы және белсенді сипаты — оның жануарлар психикасынан айырмашылығын білдіретін үшінші сипат.

Адам санасының төртінші маңызды айырмашылық ерекшелігі — өзіндік сана сезімнің барлығы.

Ойлау және сөйлеу қабілеттерінің арқасында адам санасында айнала қоршаған дүниенің бейнеленуі жалпылама және жанама формада, тек тікелей бейнелер түрінде ғана емес, сондай-ақ елеулі байланыстар мен қарым-қатыстардың жалпылама көрінісі болып табылатын ұғымдар түрінде де жүзеге асады.

Ақиқаттың адам санасында жалпылама және жанама түрде бейнеленуі — сананың жануарлардың психикасынан айырмашылығын білдіретін бесінші сипат болып табылады. Ең алдымен сана мен іс-әрекеттің бірлігі сананың әрекеті процесінде және бәрінен бұрын еңбек процесінде пайда болады, дамыйды және көрініс береді. Бұл жағынан іс-әрекет адам санасының пайда болу шарты, қалыптастырушы факторы және қолданылатын объектісі ретінде көрінеді.

Екіншіден, сана мен іс-әрекеттің бірлігі қызметтің сана белсенділігінің формасы ретінде көрініс беруінен аңғарылады. Егер сананы бейнелену ретінде ұғыну оның екінші кезекті сипатын анықтап, оның *адекватты* (ақиқатқа толық

сәйкес келу) бейнелену екендігін көрсетіп тұрса, онда сананы іс-әрекет ретінде ұғыну сананың *белсенділік* сипатын білдіреді, Ақиқатты бейнелендіру айнала қоршаған дүниенің идеялды моделін құрастыруға ғана емес, сонымен бірге оны қайта құруға әкелетіндігін мегзейді.

Ақырында, сана мен іс-әрекеттің бірлігі олардың нақты бір жеке адамның өзіне тән екендігінен көрініс береді. Бұл әрқашанда әлеуметтік және тарихи жағынан анықталған жеке адамның санасы мен іс-әрекеті болады.

4. *Психология пәні тармақтары және әдістері*. Қазіргі кезде психологияның төмендегі салаларын бөліп көрсетуге болады.

Жалпы психология ересек адамдардың психикалық қызметінің жалпы заңдылықтарын зерттейді. Сондай-ақ, ғылымның негізгі принциптері, оның әдістері, психологияның әр саласында өткізілген зерттеулер негізінде талданып қорытылған және абстракцияланған ұғымдар жүйесі де жалпы психологияның мазмұны болып табылады.

Жас ерекшелік психологиясы адамның психикалық даму заңдылықтарын, әр түрлі психикалық процестердің (естің, ойлаудың, қиялдың, сезімнің) қалыптасу процесін және жеке адамның психикалық қасиеттерін зерттейді. Жас ерекшелік психологиясында балалық шақ психологиясы, жас өспірім психологиясы, жастық шақ психологиясы, ересек адам психологиясы, геронто психологиясы сияқты бөлімдері болып есептеледі. Жас ерекшелік психологиясының міндеті жастық ерекшеліктерді ашу, жасқа қатысты шақтардың біріншісінен екіншісіне өтудің заңдылықтарын белгілеу болып табылады.

Педагогикалық психология білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық негіздерін зерттейді және жас ерекшелік психологиясы мен тығыз байланысты, өйткені, білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарын оқытындардың жас шамасын және индивидуалдық ерекшеліктерін ескермейінше ашу мүмкін емес.

Педагогикалық психология саласындағы зерттеулер білім беру мен тәрбиелеу жұмыстарының мәнін дұрысырақ түсінуге, оқулықтар мен оқу құралдарына қойылатын әр түрлі талаптарды анықтауға, оқушылардың ақыл-ой қызметі мен мінез-құлқын басқара отырып, олардың дамуын қамтамасыз ететін білім беру және тәрбиелеудің тиімді тәсілдерін тауып негіздеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, педагогикалық психология мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы өз-ара қатынас мәселелерін, мұғалімнің жеке басына қойылатын талаптарды зерттейді, педагогикалық қабілеттер мазмұны мен қалыптасу процесін ашып береді.

Еңбек психологиясы еңбек әрекеттерінің психологиялық негізін зерттейді, жеке адамның белгілі бір мамандыққа кәсіптік маңызды қасиеттерін, еңбекті ғылыми ұйымдастыру мәселелерін, еңбек өнімділігін арттырудың және коллективіндегі қарымқатыстардың психологиялық негізін зерттейді.

Инженерлік психология бұл — еңбек психологиясы бөлімдерінің бірі. Ол адамның машина мен өз-ара әрекеті туралы мәселе оның өзінде, негізінен өндірістік механикаландыру мен автоматтандырудың жоғары сатыға көтерілген жағдайында, басқарудың автоматтандырылған жүйесі жағдайында зерттейді.

Космостық психология — психологияның ең жаңа саласы, ол адамның космосқа ұшуына байланысты пайда болды. Космостық психологияны даралау қажеттілігі космоста ұшу кезінде адамның тәні ғана емес, психикалық күйі үшін де жер бетінде

жоқ ерекше жағдай жасаудан туындайды. Космостық психология космонавтардың еріктік және моральдық даярлығы мәселелерімен, білім беру мен жаттықтыру тәсілдерін психологиялық негіздеумен шұғылданады. Ол өте көп күш тежеу және салмақсыздық жағдайы сәтіндегі психикалық көріністі зерттейді, космонавтардың, ұшу кезіндегі, қонғандағы, ұзақ мерзім жеке қалу жағдайындағы тағы сол сияқты жағдайлардағы психикалық қызметінің ерекшеліктерін бейнелендіретін космостық профессиограмма құрастырады.

Әскери психология адамның соғыс жағдайындағы, ұрыс кезіндегі, әскери дәрежесі жоғарыларға сөзсіз бағыну жағдайындағы психологиясымен шұғылданады. Әскери психологияның маңызды міндеті — әскери оқу мен тәрбиенің психологиялық мәселелерін талдау болып табылады.

Спорт психологиясы спортшыларды баулу мен тәрбиелеудің психологиялық негізін зерттеп дайындайды, спорттық дағдылар мен шеберлікті қалыптастыру заңдарын зерттейді, жарыстық тартыстар жағдайында спортшының сана көріністерін тексереді, спорттық шайқастарда жеңіске жету үшін қажетті рухани және моральдық қасиеттердің қалыптасу заңдылықтарын ашады.

Өнер психологиясы қызметтің өнер туындыларын жасауға бағытталған психологиялық компоненттерін қарастырады, адамдардың сол шығармаларды қабылдау заңдылықтарын ашады, көркем шығармалардың әсерінен алуан түрлі сезімнің пайда болуы және оның ағыс тынысы заңдарын зерттейді. Өнер психологиясының маңызды міндеті эстетикалық тәрбие және музыкалық, көркемдік және әдебиеттік қабілеттердің дамуымен байланысты мәселелерді зерттеп әзірлеу болып табылады.

Әлеуметтік психология әр түрлі әлеуметтік қауымдардың — топтардың, коллективтердің психикалық көріністерін (олардың көңіл күйі, қоғамдық пікірін, еліктеуін т. б.), топтар мен коллективтердегі адамдар арасындағы өз-ара қатынастар сипатын, олардағы жеке адамның алатын орнын зерттейді. *Әлеуметтік* психология деген талаптар күн санап өсе түсуде. Бұл нүкте де — адамдардың коллективтік қызметі орасан зор мәнге ие болып отыр, сондықтан да, бір жағынан, жеке адамның қалыптасуында коллективтің ойнайтын ролі арта түсуде, бір жағынан, адамды коллективтің белсенді мүшесі ретінде сипаттайтын жеке адамдық қасиеттер барған сайын ис маңызды бола түсуде.

Заң психологиясы тергеудің психологиялық және куәлар жауаптарының талдауы, куәгерлік көріп алуға қойылатын талаптарды талдаумен байланысты проблемаларды зерттейді. Бұл сала сондай-ақ, қылмысты адамның психологиялық ерекшеліктерін, қылмыстың жасалу себептерін, тұтқынның психологиясын және еңбекпен түзеу колонияларының тәрбиелік әсерінің тиімділігін зерттейді.


Медициналық психология психотерапия, психогигиена мәселелері, дәрігерлер мен аурулардың қарымқатысы мәселелерімен айналысады.

Патологиялық психология адамдардың нормальды психикалық қызметінің бұзылуының әр түрлі формаларын, нормальды психикалық дамудың әр түрлі ауытқуларын зерттейді. Психологияның бұл саласында бірнеше бағыт олигофренопсихология (психикалық дамудың мидың туа біткен ақауларына байланысты патологиялық жағдайларын тексереді), тифлопсихология (соқыр немесе нашар көретін адамдардың психологиясын зерттейді), сурдопсихология (есту

қабілетінің бұзылуымен байланысты психологиялық ерекшеліктерді зерттейді) бар.

Салыстырмалы психология (бұрын бұл зоопсихология деп аталатын психологияның салалары ішінен ерекше орын алады, өйткені ол жануарлардың психикасын зерттейді. Психологиялық бұл бағыттың мәні жануарлардың, әсіресе дамудың жоғары сатысындағы жануарлардың психикасын зерттей отырып, адам санасының алғашқы тарихын ашуға болатындығында.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ. Психологияда адамның психикалық қызметін зерттейтін алуан түрлі әдістер қолданылады. Белгілі бір әдісті таңдау, зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсатқа байланысты.



Психологиялық зерттеулерде байқау, эксперимент, әңгімелесу, қызмет нәтижелерін зерттеу, анкеталық әдіс, тестер әдісі, модельдеу сияқты әдістер қолданылады. Осы әдістердің көмегімен жиынтықталған фактілік материалдар сапалық және сандық талдауға түседі.

Байқау әдісі. Ғылыми әдіс ретінде байқау әдісіне де төмендегідей талаптар қойылады.

Байқау қай кезде де мақсатты, яғни байқау процесі кезінде шешілуі тиіс міндеттер мен мақсаттар әрқашанда айқын анықталуы қажет. Сондай-ақ, байқау жаппай бола ма, соған орай адамның белгілі уақыт ішіндегі барлық әрекетін, қылықтарын, айтатын сөзін түгел есепке алып отыру керек пе, әлде байқау ішінара бола ма, сондықтан психикалық көріністердің белгілі бір қырына ғана қатысты фактілер есепке алына ма, осы жағын анықтау да маңызды.

Байқауды табиғи жағдайда өткізу керек және оқиғаның әдетте ағысына араласпаған дұрыс. Байқауға алынған адамның бұл жайт жайлы білмеуі өте

маңызды, бұлай болмаса, адам міні өзіндегі табиғилық жойылып кетуі мүмкін. Байқау жоспары болуы тиіс және ол жоспар байқаудың шынайы барысымен сәйкес келе ме, соны салыстырып отыру керек. Бұл талапты орындамайынша толық, жан-жақты және танымды нәтижеге жету неғайбыл және кездейсоқ фактілердің шырмауығына оралу қауіпі бар.

Жоғарыда айтылған талаптар міндетті түрде байқау күнделігін жүргізу қажеттілігін көрсетеді. Байқау күнделігіне тек қана адамның мінез-кұлқын, қылығын, әрекетін сипаттайтын фактілерді ғана емес, сондай-ақ олар болып өткен кездегі жағдайларды да мұқият тіркеп отыру керек. Онысыз байқалғлн фактілерді дұрыс бағалауға да, себептерін түсінуге де болмайды. Байқау әдісінің елеулі артықшылығы-адамның психикалық көріністерінің табиғилығы сақталатындығында. Дегенмен бұл әдістің ыңғайсыз жақтары да бар. Байқау үстінде зерттеуші самарқау позицияда болады-ол өзі күткен құбылыстың көрініс беруін тосуға мәжбүр. Бұл әдіс жиналған материалдарды сандық талдаудан өткізуге кең мүмкіндік бермейді. Ақырында, ең бастысы байқау әдісі кезінде белгілі бір психикалық құбылыстың себебін дәл анықтау мүмкін емес дерліктей, өйткені біз барлық әсер ететін факторларды есепке ала алмаймыз.

Эксперименттік әдіс. Басқа да көптеген ғылымдардағыдай психологияның негізгі әдісі — эксперименттік әдіс болып табылады. Оның маңызды артықшылығы — зерттеушінің керекті құбылыстың көрініс беруін тосып отырмай, оны өзі туғызатындығында.

Белгілі бір жағдай жасай отырып, зерттеуші, біріншіден, осы жағдайдың тексеріліп отырған психикалық құбылыстарға тигізетін әсерін өте дәл ескеруге, екіншіден, бір жағдайды өзгертіп, басқасын өзгертпей сақтауға, сол арқылы белгілі бір психикалық құбылыстардың себептерін ашуға, үшіншіден, тәжірибені қайталауға, сөйтіп зерттелініп отырған психикалық құбылыстардың типтілігі немесе кездейсоқтылығы солардың негізінде анықталатын сандық деректерді анықтауға мүмкіндік алады.

Психологиялық эксперименттің екі — *лабораториялық және табиғи жағдайдағы* формасы бар.

Лабораториялық эксперимент арнаулы жайда жүргізіледі, жүргізу кезінде сыртқы әсер ерекшеліктері мен адамның оған жауап ретіндегі психикалық күйін айнытпай жазып алын отыратын құралжабдық қолданылады. Лабораториялық эксперименттің адамның белгілі бір психикалық көріністерінің физиологиялық механизмдерін зерттеу барысындағы маңызы үлкен. Лабораториялық эксперимент кейбір танымдық процестерді (қабылдау, түйсіну, сске түсіру) зерттеу үшін де табысты қолданылады. Лабораториялық эксперимент адамның қызметін тұтасынан зерттеу кезінде де барған сайын кеңінен қолданылуда. Мәселен, арнайы жасалған жағдайларда адамның психика қызметінің әр алуан компоненттері (моторлық, сенсорлық, перцептивтік, мнемоникалық, интеллектуалдық, еріктік, характерологиялық) оның техникамен өз-ара әрекеті процесінде зерттеліп жүр.

Табиғи жағдайдағы эксперимент. Оның лабораториялық эксперименттен айырмашылығы-адам әдеттегі жағдайда сыннан өтеді. Табиғи жағдайдағы эксперименттің бірсыпыра қызметтің (ойын, оқу, еңбек) әдетті жағдайы сақталады. Эксперименттің бұл түрін мектеп оқушыларының психикалық ерекшеліктерін

зерттеу үшін алғаш рет А. Ф. Лазурский (1874—1917) жасады. Табиғи жағдайдағы экспериментті жүргізу кезінде алдын ала баланың белгілі іс-әрекеттері зерттеледі және онда қандай психикалық ерекшеліктер айқынырақ көрініс беретіндігі анықталады. Бұдан кейін жаңағы іс-әрекет эксперимент міндетіне сәйкес ұйымдастырылады және оның барысында оқушы қажетті психологиялық зерттеуден өтеді.

Табиғи жағдайдағы эксперименттің артықшылығы оның байқау методтарының және эксперименттің жақсы қасиеттерін — біріншісінің табиғилығы мен екіншісінің белсенділігін үйлестіретіндігінде.

Табиғи жағдайдағы экспериментті одан әрі дамыту оның мынадай, психологиялық педагогикалық эксперимент сияқты екінші түрінің тууына әкелді. Мұның мәні — оқушыны зерттеу тікелей оқыту және тәрбиелеу процесінде, зерттеу объектісі болып табылатын психикалық ерекшеліктердің белсенді қалыптасуы процесінде атқарылатындығында.

Социометрия әдісі де табиғи жағдайдағы эксперименттік ерекшенің бір түрі болып табылады. Ол жеке адамдық, ерекшеліктер мен коллектив мүшелері арасындағы қарым-қатынасты зерттеуге мүмкіндік береді. Социометрияда қолданылатын негізгі тәсіл — таңдаудың әр түрлі формалары, оның барысында сыналатын адам не өз пікірін бүкпесіз айтуы, не осы коллектив мүшелері қалағанды белгілі мақсатпен жүзеге асыруы тиіс. Мұндай таңдау үшін мейлінше табиғи жағдай жасаудың маңызы өте зор.

Әңгімелесу әдісі. Әңгімелесу әдісін қолданғанда әңгіме мақсатын алдын ала айқын анықтау және негізгі сұрақтарды әзірлеу өте маңызды. Әңгіме барысында сұрақтардың негізгі мазмұны мен бағытын сақтай отырып, берілген жауаптарға сәйкес оларды түрлендіру қажет. Әңгіменің бүкіл барысында жаймашуақ ықыласты жағдайды сақтаудың маңызы аса зор.

Әңгімелесу әдісінің негізгі кемшілігі сол, мұнда сынайтын адамның психикалық ерекшеліктері туралы тұжырымды оның өзі берген жауабы негізінде жасауға тура келеді. Сондықтан, бұл әдісті өз алдына жеке пайдаланбайды, басқа әдістермен толықтырып отырады.

Әңгімелесу әдісін мұғалім оқушының жеке басының аспектітерін зерттегенде кең пайдаланғаны дұрыс. Әңгіме кезінде баланың өткен өмірі, оқушы тұратын үй ішінің жағдайы, оның ата-анасы, жолдастары туралы білуге, оқушының мүддесі мен мұратын анықтауға болады. Бұл мәліметтердің бәрі мұғалімнің өз шәкірттерінің психикалық бейнесін неғұрлым тереңірек түсінуіне мүмкіндік береді.

Қызмет нәтижелерін зерттеу әдісі. Бұл әдіс адамдардың шамашарқы мен дағдылары, жұмысқа деген құлқы, кейде қабілеті мен білім деңгейі сияқты психологиялық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Бұл ретте қызмет нәтижелерін ғана емес, оларды әзірлеу процесінің өзін де зерттеу өте маңызды, өйткені қызмет процесі кезінде адамның психикалық ерекшеліктері анағұрлым айқын аңғарылады. Бұл әдісті іс-әрекеттерінің нәтижесі алуан түрлі болып келетін мектеп оқушыларының психологиялық зерттеуінде де қолдану қажет. Алуан түрлі іс-әрекеттерге балалардың жазған шығармалары, бақылау жұмыстары, суреттер, сызулар, өздері жасаған оқу құралдары, еңбек сабағында істелген әр түрлі заттар жеке күнделіктер тағы басқалар жатады.

Анкеттік әдіс. Бұл әдісті пайдаланған кезде сұрақтар мұның айқындығының және олардың дұрыс құрылуының, анкетті толтыру тәртібі жөніндегі егжей-тегжейлі нұсқаудың, алынған материалдарды сандық және сапалық жағынан ұқыпты өңдеудің, статистикалық әдістерін дұрыс қолданудың үлкен маңызы бар. Анкеттік әдістің артықшылық қасиеті — дұрыстығы *көп сан заңымен* анықталатын көлемі үлкен материал алуға болатындығында. Өкінішке орай бұл әдіс үстінде, әдетте алынған деректерді, алынған жауаптарды сапалық жағынан талдау қиындайды және жауапты сыннан өтетін адамдардың қызметімен және мінезқұлқымен салыстырудың мүмкіндігі жоқ.

Тесттер әдісі. Тесттер деп аталатын (тест сынау, тексеріп көру) әдістер ерекше бір топ құрайды. Тестер басқа әдістерден ең алдымен, жаңа заңдылықтарды ашу үшін емес, сыннан өтетін адамда белгілі бір қасиеттердің бар екенін анықтауға қолданылатындығымен ерекшеленеді. Тесттің мазмұны мен құрылымы алдын ала жүргізілген көптеген эксперименттер негізінде сыннан өтіп, тексеріледі. Тестердің көмегімен адамдардың белгілі бір іс-әрекетті орындауға әзірлік деңгейлері анықталады. Тесттер әр түрлі эксперименталдық әсерлерді басынан өткерген (мысалы сан алуан дидактикалық әдістерді қолдана отырып, білім беру) сыналұшы адамдарды салыстыруға да қолданылады. Дұрыс құрастырылған тестер адамдарды белгілі бір кәсіпке іріктеп алу үшін де кеңінен қолданылады.

Модельдеу әдісі. Психикалық құбылыстарды техникалық және математикалық тұрғыдан модельдеудің басталуы кибернетика және құбылыстарды ықтималды суреттеу теориясының дамуымен байланысты. Модель зерттелетін объектінің орнына жүретін «орынбасар» сияқты.

Барлық басқа әдістерден модельдеу әдісінің айырмашылығы-оның көмегі арқасында психикалық құбылыстар тікелей зерттелмей, сол құбылысқа ұқсас модель арқылы зерттелетіндігінде. Модельді жасау үшін зерттелгелі отырған психикалық құбылыс жөнінде жеткілікті білім болуы қажет. Сондықтан да, модельдің дұрыстығы, толықтығы, жан-жақтылығы белгілі бір құбылыс туралы білім деңгейіне тәуелді болады.

Модель мен психикалық құбылыс арасында толық ұқсастық болуы мүмкін емес. Модель әдетте өзіне негіз болып отырған құбылысты жеңілжелпілендіріп, тұрпайыландырады, демек зерттеу объектісінің өзі де жеңілжелпіленеді, бірақ әдістің негізгі мәнінің өзін осылайша жеңілдетуде. Сонымен қабат бұл оның негізгі кемшілігі де болып саналады. Ауытқыта сәтсіз жеңілжелпілендіру модельде зерттелінетін құбылысты бұзып жіберуі мүмкін.

Модельдеу әдісін қабылдау, түйсік, ес және басқа психикалық процестерді зерттеу үшін пайдаланады. Бұл әдіс сонымен қатар педагогикалық психологияда да, оның ішінде, білім беру процестерін зерттеуде кеңінен қолданылады.

Тұлға және оның психологиялық табиғаты

Жоспар:

1. Жеке адам жөнінде түсінік.
2. Жеке адам мотивтері.
3. Жеке адамның бағыт-бағдары және психологиялық құрылымы.

1. Жеке адам жөнінде түсінік. Әлеуметтік қатынастар субъекті әрі әлеуметтік мәнді қасиеттердің иегері ретінде әрбір адам - жеке адам болып сипатталады.

Жеке адам түсінігімен бір қатарда *адам*, *дара адам* (индивид), *даралық* (индивидуальность) терминдері қолданылады. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктерімен ажыралады, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты. Осылардың ішінде ең жалпыланған, көп қасиеттердің бірігіуін – *адам* түсінігі қамтиды. Адам - өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі. Алайда, адам әлеуметтік-тектік мәнге ие болғанмен, ол жалпы табиғат туындысы ретінде - дара адамдық (индивид) сипаты жағынан жанды мақұлық дүниесінен бөлектенбейді.

Индивид - биосоциаллық феномен сипатында дамудың екі векторына ие: биологиялық және социалдық индивид — адамзат ұрпақының биологиялық және социалдық жоспарындағы жалғыз өкілі (жеке адам).



Жеке мүшесі ретіндегі *адам дегеніміз* — қоғамның адам. Әр адамның рухани байлығы оның басқа адамдармен байланысының алуан түрлілігіне, өмірге белсене қатысуына байланысты болады.

Жеке адам қоғамдық қатынастардың әрі объектісі, әрі субъектісі. Қоғам мүшесі жеке адам әр түрлі қатынастардың, әсіресе, материалдық игіліктерді өндіру және тұтынуға байланысты туындайтын қатынастардың ықпалында болады.

Жеке адам психологиясының қалыптасуына сонымен бірге оның өзі кіретін әлеуметтік топтың психологиясы да әсер етеді. Қарым-қатынас процесінде адамдар бір-біріне ықпалын тигізеді, соның нәтижесінде көз қарастағы, әлеуметтік танымдағы ортақтық және қоғамға деген қатынастардың өзге де түрлеріне, еңбекке, адамдарға, өз басының қасиеттеріне ортақ көз қарас қалыптасады. Нәресте және рухи жақтан ауру кісілер жеке адам есептелмейді.

Дара адам - тектілердің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі - нақты адам.

Даралық - нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылдаған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттері.

Жеке адам түсінігіне байланысты ең алдымен адамның қоғамдық мәнді сапалары еленеді. Адамның әлеуметтік мәні оның қоғаммен байланысында қалыптасады да көрініс береді.

Әрқандай қоғамға орай адамның қасиет, сапа өлшемдері (эталон) әрқилы келеді. Қоғам социологиясы нақты қоғамның психологиялық типін анықтап отырады.

Әрбір дара адам өзінің қоғамдағы өмірлік әдептерін реттеумен күнделікті тіршілік проблемаларын шешіп барады. Бірдей қиыншылық, кедергілердің шешімін әр адам өз әдіс, тәсілдерімен табуы мүмкін. Осыдан, жеке адамды танып, білу үшін сол адамның алдында тұрған өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған принциптерін жете білу қажет.


Қоғамдық қатынастарға араласып және оларды басшылыққа ала отырып, адам сол қатынастардың ықпалында қалып қоймайды. Әрқандай дара тұлға өз дербестігі мен ерекшелігіне ие.

Жеке адамның дербестігі оның ең жоғары психикалық сапасы - рухани дүниесімен ұштасады. Рухани дүние дегеніміз адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпы адамзаттық инабат парызды түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы.

Жеке адам сапалары сол адамның араласқан қатынастар өрісіне, әртүрлі әлеуметтік өмір аймағында қызмет ете алу қабілетіне байланысты келеді.

Дара адамның жеке адам деңгейіне көтерілуі үшін маңызды факторлар: идентификация, яғни дара адамның өзін басқа адамдармен теңестіре, қоғам талабына сай болу ниетімен қалыптасып бару процесі; персонализация - дара адамның өз басының басқа адамдар өмірінде тасірі барын түсіне білуі, сонымен бірге, нақты әлеуметтік топта өзінің кісілік мүмкіндіктерін іске асыра алуы.

Басқа әлеумет мүшелерімен жеке адам өз *Мені* негізінде қатынас түзеді. Ғылымда *жеке адамдық рефлексия* деп аталған бұл *Мен* ұғымы өзі ішінде әр адамның өз жөніндегі танымын, өз мүмкіндіктерін және өз қадірін сезе білу сияқты сапаларын қамтиды.



■ Мотив — тұлғаның мүтәжлікті қанағаттандыруға байланысты ішкі қоздырушының әр түрдегі активлігі (қызмет, сөйлесу, мінез-құлық)

2. *Жеке адам мотивтері.* Психологияда мотив түсінігіне келесідей анықтама беріледі: мотив - бұл адам санасында қаланып, оны белгілі бір қажеттікті қанағаттандыру үшін әрекетке итермелеуші себеп күш. Ал мотивтік әрекет (мотивация) қылық пен іс-әрекетті психикалық реттеудің ерекше түрі. Қорыта айтқанда, адамның әрқандай қылық-әрекеті оның мотивтік себеп күштеріне байланысты.

Мотивтердің қайдан және қалай пайда болатыны жөніндегі мәселе психологиядағы басты проблемалардан. Б.Ф.Ломов, басқа да орыс психологтарының пайымдаулары нақты, әрекетшен дара адамның қоғамдық қатынастар жүйесіне қосылып, сол жүйенің оның санасында бейнелеуіне негізделеді. Б.Ф.Ломов мотивтік-қажетсіну аймағы мәнін (құрамы, құрылымы, қозғалысы) және сол аймақтың дамуын түсіну үшін жеке адамның басқа тұлғалармен ара байланыс, қатынастарын қарастыруды қажет деп санайды. Дара адам өз даму барысында басқа қоғам мүшелерімен болған тікелей байланыс шеңберінен шығу мүмкіндігіне ие, осыдан оның қажетсіну аймағы қоғамдық өмірдің күшті ықпалымен өрістей бастайды (саяси пікір, саясат, этика және т.б.). Осыдан адамның мотив-қажеттіктері оның ішкі жан-дүниелік әрекеттерінің нәтижесі ғана емес, ол әртүрлі адамдар бірлестігімен байланысты дамып баратын жүйе. Сонымен, бір деңгейдегі қажетсінулерден өзгесіне көшу-адамның өзіндік даму заңдылықтарынан болмай, оның басқа адамдармен байланыс, қатынастарынан, тұтастай қоғамға араласуынан болатын процесс.

Саналық негізге ие болмаған ықпалдардың бірі - психикалық көрсетпе – талаптар. Көрсетпе-талаптар психологияда жеке адамның қандай да қажеттігін қанағаттандыру үшін болған әрекетке өзі сезінбеген дайындық, бейімділік қалпын танытады. Қорытындылап айтқанда, көрсетпе-талап - объектті белгілі бір күйде қабылдауға, түсінуге, мәнін аңғаруға күні бұрын дайын болып, бейімділік танытып, сол саналық дайындықты өткен тәжірибемен ұштастыра әрекетке кірісуге негіз.

Қоғамдық өмірдің әрқилы жағдайларына байланысты көрсетпе-талаптар ұнамды да ұнамсыз болып, сенім сипатын алуы мүмкін. Көрсетпе-талаптар

құрылымы үш бөліктен тұратыны зерттелген: когнитивтік (таным) бірлік - адамның біліп, қабылдайтын затының бейнесі; көңіл-күй-бағалау бірлігі - объектке болған адамның ұнатуы мен жек көруі; әрекет-қылқ бірлігі - іс объекті бағытында қандай да әрекет етуге дайын болу, еріктік күштерді іске қосу.

3. Жеке адамның бағыт-бағдары және психологиялық құрылымы. Өмірлік бағыт-бағдар жеке адамның жүйелестіруші қасиеті ретінде оның психологиялық қалпын айқындайды.

Адамның іс-әрекетін бағыттаушы әрі оны нақты жағдайларға икемдестіруші тәуелсіз тұрақты мотивтер жиынтығы жеке адамның бағыт-бағдары деп аталады. Бағыт-бағдар әрдайым әлеуметтік негізге ие болып, ол тәрбие нәтижесінде қалыптасады. Бағыт-бағдар адамның қасиеттеріне айналған көрсетпе-талаптар. Бағыт-бағдар құрамына өзара байланысты, деңгейі жағынан бірінен бірі жоғары бірнеше формалар кіреді: құмарлық, ниет, ұмтылыс, қызығу, бейімділік, мұрат, көзқарас, таным. Адам бағыт бағдарының барша формалары оның іс-әрекетінің себеп-түрткілері-мотив есептеледі.

Аталған формалардың қысқаша мәні:



-құмарлық - бағыт- бағдардың ең қарапайым биологиялық формасы;
-ниет - саналы қажетсіну, толық белгілі затқа құмарлық;
-ұмтылыс - ниетке еріктік күш қосылғанда пайда болады;
-қызығу - бағыт-бағдардың қандай да затқа ауысуындағы танымдық форма;
-қызығуға еріктік күш қосылса, бейімділік пайда болады;
-көзқарас - қоршаған дүние болмысын философиялық, эстетикалық, этикалық, жаратылыстану және басқа ғылымдар жүйесінде тану;
-таным - адамды өз танымы, принципі, көзқарастарына орай әрекетке ықпалдаушы мотивтер жүйесі, бағыт-бағдардың ең жоғарғы формасы.

Адам қасиеттеріне кедергі болатын жан күйзелістері мен түңілулер психологияда - фрустрация делінеді. Мұндай психикалық қалып адамда оның мақсатқа жету жолында бой бермес кедергілерге кезіккенінде туындайды. Фрустрациялық жағдайдың белгілері-мақсатқа ерісудің қажеттік себебі анық, сонымен бірге оған жетудің жолында күшті кедергі бары да көрініп тұр. Адам мұндайда фрустрацияға түспей, үлкен қиыншылықтарды да жеңе алуы мүмкін. Ал кейбір сындарлы кезеңдерде қиыншылық басымдау келіп, фрустрация өрістеп, ол адамның мақсат жолындағы әрекетінің берекетсіздікке ұшырауына себепші болады. Мақсатты әрекет бұзылысының келесі түрлері белгілі: а) қозғалысты қозу - мәнсіз қимыл-әрекеттер; б) түңіліс; в) ашуға беріліп, әрекеттен қалу; г) стереотипия-үйреншікті әрекеттерді ойсыз қайталай беру; д) репрессия - өмірдің алғашқы кезеңдерінде игерілген үлгілерге еліктей, ойсыз қимылдау.

Күнделікті тұрмыста, сондай-ақ ғылымда *даралық* сөзімен қатар, *индивид* деген сөз де қолданылады. *Индивид деп* - өзіне тән барлық ерекшеліктерімен бірлікте алынған нақтылы адамды айтамыз.

Психикалық процестер негізінде психикалық қасиеттер, олардың психикалық процестердің өтуін реттеп отыратын белгілі бір жүйесі пайда болады.

Жеке адамның психикалық қасиеттері дегеніміз — индивидке тән психикалық іс-әрекет пен мінез-құлықтың белгілі бір сандық сапалық деңгейін қамтамасыз етіп отыратын тұрақты түзіліс.

Процестердің өту сипаты мен белсенділігінің функциялық деңгейіне немесе, басқа сөзбен айтқанда, жеке адамның психик белсенділігіне байланысты болады. Психикалық жеке адамның жоғары немесе төмен белсенділігі ретінде және нақ сол шақта қалыптасатын, психикалық әрекеттің біршама тұрақты деңгейі деу керек.

Іс-әрекет психологиясы

Жоспар:

1. Іс-әрекет туралы түсінік.
2. Іс-әрекеттің психологиялық сипаттамасы.
3. Іс-әрекет түрлері.

1. *Іс-әрекет туралы түсінік.* Қозғалыс, әрекет, іс-әрекет. Адам еңбектің қай түрімен

айналысса да, өмірге ең алдымен қайраткер, іскер және жасампаз болып келеді. Іс-әрекет арқылы адамның рухани өмір байлығы: ақыл-ой тереңдігі, күйіну-сүйіну қалпы, қиялдау қабілеті мен ерік-жігері, икемділігі мен мінез-құлық сипаты ашылады.

Іс-әрекет үстінде сана қалыптасады. Сана іс-әрекет кезінде қалыптаса отырып, сол іс-әрекеттен көрінеді де. Психологиялық зерттеу заты — іс-әрекет кезіндегі жеке адам болып саналады.

Іс-әрекет — әлеуметтік категория. Жануарлар үшін қоршаған ортаның талабына организмнің биологиялық тұрғыдан икемделуін көрсететін өмір кешу ғана тән. Адам үшін өзін табиғаттан саналы түрде ерекшелеп көрсету тән. Ол өз алдына мақсат қояды, белсенді қызмет істеуге итермелейтін себептерді түсінеді.

Іс-әрекеттің қандай түрі болса да қозғалыс күйінде өтеді: мейлі ол жазу жазғандағы, станокта еңбек операциясын орындаған кездегі қолдың бұлшық еттерінің қозғалысы бола ма немесе сөз сөйлеген кездегі сөйлеу аппаратының қимылыма бәрі-бір.

Қозғалыс дегеніміз тірі адам организмінің моторлық қызметі. Адамның қозғалу, яғни моторлық қызметі өте ерте байқалады. Адам құрсақта жетілу кезінде ақ алғаш қимылға келеді. Жаңа туған нәресте іңгәлап аяқ-қолын бет алды тыпырлатады, оның негізі шартсыз рефлекс болып саналады.

Барлық қимылды екі топқа бөлеміз: туа болатын (шартсыз рефлекторлық) және үйреніп меңгеру (шартты рефлекторлық). Қозғалыстың басым көпшілігі, тіпті жалпы һайуанаттар сияқты кеңістікте қозғалып жүрудің өзін адам өмір тәжірибесінен алады, яғни қозғалыстың көпшілігі шартты рефлекторлық болып саналады. Қозғалыстың шағын ғана түрі (шыңғыру, көзді жыпылықтату) туа пайда болады. Баланың қозғалуының жетілуі қозғалыстың шартсыз рефлекторлық регуляцияның шартты рефлекторлық байланыстарына айналуымен байланысты.

Әрекеттің пайда болуы баланы қоршаған ортадан оған заттың бөлініп алынуынан басталады. Психологияда әрекеттің екі түрі болады: бірі дененің іс әрекеті сыртқы моторлық және ақыл-ойдың ішкі психикалық реалдылықпен әрекеті. Сыртқы әрекеттің ішкі амалға ауысуы интеприоризация деп аталады. Оған нақты мысал келтіріп көрелік.

Бала санауды үйренді. Әуелде ол таяқшаларды санайды оларды бір-біріне қосады. Содан бір кезде таяқшалардың қажеті болмай қалады, өйткені есептеу заттан, сыртқы әрекет күшейуінен ауысып, ақыл-ойдың ісіне айналады. Іс-әрекет объект сөз бен сан болады. Бала бірте-бірте ақыл-ой әрекетін жинақтайды да олар бірігіп барып ақыл-ой қызметін құрайды.

Ақыл-ой әрекетін игерген адам өзі тындырмақ болған іске сыртқы әрекетке кіріспес бұрын әуелі ой елегінен өткізіп, көзге елестетіп көреді, сөзбен сипаттайды. Ақыл-ой әрекетін заттармен әрекет түрінде сыртқа шығару экстериоризация деп аталады.

Сөйтіп, сыртқы іс-әрекет ішкі әрекеттің бақылауымен жүргізіледі. Адам іс-әрекеттің барысын күні бұрын жоспарланған және бейнелер мен ой түрінде баста жүрген һәрекетпен салыстырып отырады. Нақты әрекетті бұлайша топшылау және оны реттеп отыру мүмкіндігі әрекет акцепторы деп аталады. Бұл механизм нақты нәтижені ойдағы нәтижемен салыстыруға және түпкі мақсатқа жету үшін оны

реттеп отыруға мүмкіндік береді. Әрекет акцепторы ұғымын жасаған П. К. Анохин бұл ұғымды әрекет нәтижелерін бақылау және оларды алға қойылған мақсатпен салыстыру аппараты деп түсіндірді.

Мақсатты түсінудің (осыны мен неге істеймін) және оның, салдарларын ұғынудың (ол неге әкеліп соғуы мүмкін) дәрежесіне қарай әрекет импульстік және ерікті болып бөлінеді. Импульстік әрекет мақсат пен мүмкін болар салдарларын онша түсініп-біле қоймаумен сипатталады. Санада пайда болған бейне бірден әрекет етуге итермелейді. Импульстік әрекет мектеп оқушыларында жиі кездеседі — бұл әдетте бола беретін күтпеген жерден, кездейсоқ тәртіп бұзушылық.

2. Іс-әрекеттің психологиялық сипаттамасы. Іс-әрекет адамның өмір жолын анықтайды. Психика мен іс-әрекет арасында күрделі арақатынас бар. Бір жағынан, психика іс-әрекетте қалыптасады және көрініс танытады, екінші жағынан — психика іс-әрекетті реттеп отырады.

Іс-әрекеттің психиканы қалыптастырушылық ролін әр түрлі жұмыс істеп жүрген адамдардың ерекшеліктерін салыстыру арқылы көруге болады. Психологияның іс-әрекет, ерекшеліктерін (еңбек психологиясы, педагогикалық, космостық т. б. психология) зерттейтін салалардың болуы кездейсоқ емес. Қазіргі өндіріс жағдайларына сай адамның тез әрі дәл талап өсе түсіп отырған шақта технологиялық басқару пульттерінде жаңа жүйелі шешімін табу үшін ісшілерлердің психологтармен бірлесе ізденулеріне тура келіп өзі адам жүйе режимін басқара отырып, психикалық реттеудің әр түрлі дәрежесін пайдаланып болуы үшін, екінші жағынан жасалынып жатқан дәрегердің іс-әрекеттің объективті талаптарына сай болуын бақылауға және өздігінен реттеуге қабілетті анализаторлардың жүйелерін пайдалана алатын болуы үшін қажет. Қажеттілік өз-өзінен мақсатқа бағытталған саналы іс-әрекетке ұмтылдыра қоймайды. Бір істі қолға алу үшін, сол іс осы қажеттілікті қанағаттандыра алатынына көз жеткізу керек, яғни қажеттілікті сол қажет затпен орайластыру керек. Саналы түрдегі қажеттілік мінез-құлықты соған орайластырып отырады.

Қиял, мұратқа қарағанда талпыныс іс-әрекетке анағұрлым жақынырақ. Талпыныста қиял да, мұрат та, адамның өз мүмкіншілігін бағалауында көрінеді, адамның жетілуінің, іс-әрекетке қатысуының перспективті бағыты белгіленеді. Талпыныстың нақты іске айналуы, алға жаңа мақсат қою — адамның жетік қуатты факторы.

3. Іс-әрекет түрлері. Іс-әрекеттің ойын, оқу және еңбек сияқты үш түрі бар. Олардың арасындағы айырмашылық — қорытындылары, ұйымдастырылуы, мотивінің ерекшелігі арқылы ажыратылады.

Оқу тікелей еңбекке әзірлеу кезеңі бола отырып, тек мамандық игерудің, кезеңінде материалдық және мәдениет байлықтарын жасауға қатысады.

Еңбек әрекеті белгілі бір міндетті ұйымдасқан формада жүзеге асырады. Дәлме дәл белгіленген мерзімде жұмысшы қатаң реттелінген іс-әрекетті орындайды. Ұйымдастыру жүйесі оқудың да қажетті компоненті болып табылады.

Ойынға еркін ұйымдастыру жүйесі тән. Ойынның негізгі мотиві баланың ойын процесінде қанағаттануы болып табылады. Егер баланың ойынға ықыласы таусылса, ол ойынды тия салады.

Оқу мен еңбек адамды іс-әрекетке талпындыратын мотив ретіндегі қызығудың

бар жоқтығына қарамайды, мұнда тапсырылған істі орындау қажетін түсіну, парызды сезіну орын алады.

Алуан түрлі іс-әрекет түрлері бірін-бірі толықтырып, бірге өмір сүріп, бір-бірімен жымдаса келіп отырады. Балалар бақшасында сәбилер тек қана ойнап қоймай, сонымен қатар санауды, сурет салуды үйренеді. Оқушы сабақ біткеннен кейін армансыз ойнайды. Сабақты ұйымдастыруда да ойын сәттерін пайдалануға болады. Мысалы, география сабағында қиялмен еліміз немесе дүние жүзі бойынша таңғажайып сапар шегу — ойын болып табылады. Оқушылар шет тілі сабағында ойындық рольдерді ықыласпен атқарады. Жұмысшы тек қана еңбек етіп қоймай сонымен қатар оқу оқиды (мектепте, жоғары оқу орнында немесе өз бетімен білімін көтереді).

Іс-әрекет түрлері бір-бірінен бөлек өмір сүрмегенімен, адам өмірінің әр түрлі кезеңінде олардың маңызы түрліше болады. Өмірдің бір кезеңінде жетекші іс-әрекет ойын болса, екінші кезеңінде — оқу, ал үшінші кезеңде — еңбек болады. Сөйтіп, бұл арада біз іс-әрекеттердің адам өмірінің белгілі бір кезеңінде басты іс-әрекет болып табылатындары жайында әңгімелеспекпіз. Мектепке барғанға дейінгі баланың Іс-әрекетінің негізгі түрі — ойын. Оқушы іс-әрекетінің жетекші түрі — оқу, ересек адамдардікі — еңбек.

Ойын. Ойынға іс-әрекет түрі ретінде талдау жасағанда ең алдымен оның табиғатын анықтаған жөн. Баланың ойынының дамуында адам қоғамы дамуы кезеңдеріне сәйкес келетін сәттерді бөліп алып көрсетуге күш салынады.



Ойын әрекеттеріне ғылыми талдау жасау — ойын — баланың үлкен адам дүниесін бейнелеу, айналадағы дүниені тану жолы екенін көрсетіп отыр. К. К. Платонов ойынның биологизаторлық теориясының негізсіз екенін дәлелдейтін даусыз факт келтіреді. Балалардың алғашқы ойындарында ересек адамдардың басшылық ықпалы айқын көрінеді. Ересек адамдар ойыншықтарды ойнатады. Содан соң балалар оларға еліктеп өз беттерімен ойнай бастайды. Одан кейін ойынды

ұйымдастыру инициативасы балаларға көшеді. Алайда бұл кезеңде де ересек адамдардың басшылық ролі сақталады.

Балалардың өсіп жетілуіне орай ойын да өзгереді. Сәби өмірінің алғашқы екі жылында қимылдарды игереді. Бұл функционалдық ойындардың пайда болуына жеткізеді. Функционалдық ойында сәбилер алдында заттардың оларға белгісіз қасиеттері, заттармен әрекет жасау әдістері ашылады.

Оқу. Оқу дегеніміз еңбек әрекеттерін орындауға қажетті білімді, дағдыны және білгірлікті жүйелі игеру процесі. Оқу ісіне міндетті түрде екі адам, оқытушы және оқушы қатынасады. Алайда мұны бір адамның екінші адамға білім беруі деп қарауға болмайды. Бұл, ең алдымен, оқытушының басшылығымен білімді, білгірлікті және дағдыны белсенді игеру процесі. Оқу дамытқыш құрал болуы керек. Оқушыларға білімді хабарлай отырып, оқытушы оларды ойлауға және бағдарлауға, ұққандарын өз сөзімен айтып беруге үйретеді. Оқушы тек қана білім игеріп қоймай, сонымен қатар өздігінен ойлау, білім алу беруге үйренеді. Жақсы ұйымдастырылған оқу тәрбиелеуші роль атқарады. Оқу процесінде болашақ адам, оның бағыттылығы мінезіндегі ерік қырлары, қабілеті т. б. қалыптасады.



Еңбек. Еңбек дегеніміз — адамдардың материалдық және рухани қажетін қанағаттандыратын қоғамдық пайдалы өнім өндіруге бағытталған іс-әрекет.

Еңбекте адамның қабілеті мен мінез-құлқы жалпы жеке басының қасиеті ашылып, қалыптасады.



Қарым-қатнас

- 1.Қарым – қатнас жөнінде ұғым
- 2.Қарым – қатнас тәрептері.
- 3.Тіл және сөйлеу.


1.Қарым – қатнас жөнінде ұғым. Адамдар арасындағы қарым қатынас және оның заңдылықтары адамдар тұрмыс тәрізінің барша тарауларында басқа адамдар мен болатын өз-ара қатынасықтардың ең әһмиетті шәрттерінен бірі болып есептеледі.Адамның ақылы,ерікі,сезім мәдениеті,тәрбие көргендігі,және сол сияқты барлық қәсиеттер қарым-қатынас арқылы өәліптеседі. Соны мен бірге ұйөысыздық,бас ауру, неврозлар, инсульттер, инфарктілер, және басқада түрлі кеселліктер, сондай-ақ ішушілікке , наркотикке өш болуы, һәттекі өз жанына қаст етіу бұлардың барлығы сол қарым-қатыныс нәтижесі есептеледі.Демек, тіл,қарым –қатынас,сөйлеу адам өмірінде одан қандай пайдалану,оны қандай ісдетуге байланысты екен.

Адамзат дамуының әзіргі басқышында адамдардың күнделікті қарым-қатынасының тездесуі, халқ тығыздығының артып баруы,адамдардың тұрмыс жағдайының тез пәт пен өзгеруі,олардың күшеиіп баруы сияқты жағдайлар бүгінгі күнде қарым-қатынас мәдениетінің жоғары дәрежеде болуын талап етеді.



Қатынас-бұл адамдардың бір уақыттың өзінде бірге әрекет етіуі және ақпараттық процесс,олардың бір-біріне тәсірі,бірін-бірі қабылдауы,түсініуі құсаған құрамалы процесс.

2. Қарым – қатынас тәрептері. Қарым-қатынас түзілісі үш тәрепті түзіліске ие.



Коммуникация-бұл адамдар арасындағы ақпараттар алмасуы .

Интерактив-бұл адамдар арасындағы тек қана ақпараттар емес, ал іс-әрекеттер мен де қарым-қатынас жасауы.

Перцептив-бұл адамдардың қарым-қатынас уақытында бір-бірін қалай қабылдау процессі.

Бұл тәрептердің әр бірі бөлек өмір сүре алмайды ,тек қана талдауда оларды аиыру мүмкін.

Психологияда вербалды және вербалды емес коммуникация қолданылады.

Вербальды коммуникация-бұл барлық сөздік болған қарым-қатынас түрі.

Вербальды емес коммуникация-бұл балық сөздік болмаған қарым-қатынас түрі.

Вербалды коммуникация универсал есептелгенімен, ол қатынастың вербалды емес құралдарымен толықтырылады. Психологияда вербалды емес қарым-қатынастың төрт турин айырып көрсетеді. Бұлар- кинесиеа, паралингвистика, проксимика және визуал қатынас.

Кинесика-бұл жест, мимика, пантамимика өз ішіне алады(қол-



жестикуляция,бет-мимика,поза-пантомимика).

Паралингвистика-ол эксталингвистиканы өз ішіне алады.Паралингвистикалық система-бұл вокализация,яғни дауыс сапасы,оның диапазоны,тон системасы.Эксталингвистика-сөйлеудегі паузалар,басқада қосымталар,мәселен жөтелу, жылау, күліу,сөйлеу темпін өзгертіу және т.б.


Проксимика- коммуникацияның айрықша тарауы болып,ол кеңістік және уақыттық нормалар мен шұғылданыушы ескітеледі.

Визуал-бұл көз бен болған қатынас түрі.

Қарым-қатынас жасау мүмкіндігінен айрылған адам ойдағыдай дами алмайды. Біздің миымыздың белсенділігі екінші сигнал жүйесінің қызметіне байланысты. Сондықтан адамның барлық психикалық ерекшеліктері сөйлеу арқылы ғана көрініп, өмір сүреді. Қарым-қатынас адам іс-әрекетінің жеке адамды қалыптастыратын аса маңызды түрі болып табылады.

3.Тіл және сөйлеу.Тіл қоғамдық-тарихыи және әлеуметтік әр қиылы даму жолдары ,әр қиылы лексика,тіл түзілісін пайда етеді.

Қарым-қатынас әрекеті



Сөйлеу-коммуникацияның ең универсал құралы есептеледі.Сөйлеу-бұл адамның басқа адам мен табиғи тіл арқылы қатнас жасау процесі.

Сөйлеу дегеніміз — *тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау процесі.* Психологиялық зерттеу объекті рухани мәдениет құбылысына жататын тіл емес, сөйлеу болып табылады . Баланың сөйлеуінің дамуы, психологияда айтылатындай, оның вербальдық мінез-кұлқы, біртіндеп тіл үйренуіне байланысты бірқатар кезеңдерден өтеді.

Бірінші кезең — *фонематикалық естудің дамуы және ана тілінің фонемін айту дағдысының қалыптасу кезеңі.* Сөйлеудің дамуындағы бұл

процесс жас өспірімдік шаққа дейін анағұрлым шапшаң жүреді. Бұл кезеңнің басталуы — бала өмірінің алғашқы бір жылы кезіндегі үілдеу мен былдырлау.

Екінші кезең — *сөздік қорды және синтаксис ережелерін игеру*. Бұл кезеңнің басталуы — бала өмірінің екінші жылы, қарым-қатынас жасау мақсаты мен кейбір сөздерді айту. Сәл кейінірек, шамасы 3 жастан бастап синтаксисті және сөздің грамматикалық формасын белсене үйрену басталады. 7 жаста іс жүзінде ауызша сөйлеуде лексикалық және синтаксистік ережелерді игеру аяқталады. Мектепте оқығанда бұл категорияларды игеру жазбаша сөйлеу негізінде жүргізіледі. Бұл ауызша сөйлеуді едәуір дәрежеде қайта құруға себепші болады.



Үшінші кезең — *тілдің семантикасын игеру*. Сөйлеудің дамуындағы бұл кезеңнің басталуы екінші кезеңмен сай келеді, алайда ол жасөспірімдік және бой жету кезеңінде анағұрлым айқын білінеді. Бұл кезде дүниеге көз қарас қалыптасады, биік сезім және еркіндік жағдайдағы мінез-құлық дамиды. Осының нәтижесінде тілдегі сөздердің семантикалық мағынасы осы сөздің жеке адам үшін мағынасына айналады, сөйтіп мінез-құлықта айқын көрінетін практикалық роль атқарады.

Зейін

Жоспар:

1. Зейін туралы ұғым.
2. Зейіннің түрлері.
3. Зейіннің қасиеттері.

1.Зейін туралы ұғым. Психикалық құбылыстардың ішінде зейіннің алатын орны ерекше. Ол әрекетке, таным процесіне қатысып, адамның мүддесін, бағыт бағдарын білдіреді. Зейін өмірде психикалық әрекеттің бір жағы бола отырып, адамның өнімді білім алуыда, еңбек әрекетінің саналы әрі нәтижелі болуына жәрдемдеседі.

Зейін дегеніміз-сананы белгілі бір объектіге шүйіліктіріп оның айрықша айқын бейнеленуін қамтамасыз етеді.

Зейіннің пайда болуына керекті шарттар: объектіні бөліп алу, оған назар шоғырландыру және басқа тітіркендіргіштерге алаңдамау. Таным актысы бағыттталып тұрған сыртқы дүние заттары, адамның психикалық әрекеті немесе ішкі дүниесі (ойлар, күйініш, сүйініштер, мінез-құлықты талдау т.б.) зейіннің объектілері бола алады).

Зейіннің физиологиялық негіздері. Зейіннің физиологиялық механизмі күрделі. Қазіргі кезде, психологияда, зейін механизмі нерв жүйесінің әр түрлі деңгейінде тұрған сүзгі ретінде қарастырылады. Бұл сүзгі — ми қыртысының астына орналасқан, анатомиялық жәпе функционалдық жағынан оңашаланған нерв ткані — ретикулярлық формация болып табылады. Ол бір импульстерді таратып, тежеп, екіншілерін күшейтіп, оларды ми қыртысына жіберіп отырады. Сөйтіп, айқын сана аймағына, ми қыртысына баратын импульстер осылай іріктелінеді.

Зейін механизмі мидың рефлекторлық әрекетімен байланысты. И. П. Павлов жануарлардағы шартсыз бағдарлау рефлексін бөліп көрсетіп, оны *Бұл не?* рефлексі деп атады. Оның биологиялық мәні мынада: жануарлар қоршаған ортадан жаңа тітіркендіргішті бөліп, оған мәпіне сәйкес жауап береді. Бағдарлау рефлексі адамның туа біткен қасиеті. Одан зейіннің сыртқы тітіркендіргіштерге тікелей байланыстылығы айқын көрініп тұрады. Әрине, адамның еңбек әрекетінде жетіліп, жаңа, шартты рефлекторлық механизм негізінде қалыптасқан ықты зейінді бағдарлау рефлексі толық түсіндіре алмайды.

Зейіннің физиологиялық құбылмалылығы көрінісін И. П. Павлов ашқан қозудың оптималдық ошағы құбылысын түсінуге көмектеседі. Миға әр сәт сайын көптеген тітіркендіргіштер (есту, көру, тері т. б.) әсер етеді. Солардың әсерімен ми қыртысының үлкен жарты шарымда күші әр түрлі көптеген қозу ошақтары пайда болады. Зерттеулердің көрсетуіне қарағанда қозудың оптималдық ошағы орта интенсивтілікке ие және организмнің сол жағдайдағы өмірлік әрекетіне қолайлы болады.

А. А. Ухтомский ми қызметінің физиологиясын зерттеу нәтижесінде *доминанта* жайлы ілім жасады. Доминанта немесе қозудың үстемдік ететін

ошағы жылжымалы оптималдық қозу ошағынан жоғары тұрақтылығымен өзгешеленеді. Ол жаңадан пайда болған қозу ошақтарын тежеп қана қоймайды, солардың есесінен күшейе түсетін, басқа нерв орталықтарында туған қозу процестерін өзіне қосып алу қабілеті де бар.

2. *Зейіннің түрлері.* Адамның зейінді ұйымдастырудағы белсенділігіне қарай зейін-ырықсыз, ырықты және үйреншікті болып үш түрге белінеді.

Ырықсыз зейін. Психологиялық әдебиеттерде ырықсыз зейінді атауға бірнеше синоним қолданылады. Кейбір зерттеулерде оны пассивті деп атаса, екіншісінде — эмоциялық дейді. Бұл екі атау да ырықсыз зейіннің ерекшелігін көрсетуге көмектеседі.

Пассивті зейін жайы сөз болғанда, объектіге зейін аудару, зейінді ерік күшінің қажет емес екендігі айтылады. Ал ырықсыз зейінді *эмоциялық* деп атағанда зейіннің объектісі мен сол объектілерден туатын эмоция, мүдде, қажеттілік арасындағы байланыс атап көрсетіледі. Бұл жағдайда да зейінді шоғырландыруға бағытталған серік жоқ.

Сонымен ырықсыз зейін дегеніміз — сананы объектіге, сол объектінің тітіргендіргіш ретіндегі ерекшелігі шамасында шоғырландыру.

Ырықты зейін дегеніміз — әрекет әсерінен туған объектіге саналы түрде көңіл аудару.

Зейіннің бұл түрінде эмоциялық жағынан жағымды нәрсеге ғана емес, көбіне атқарылуы қажет нәрсеге көңіл аударылады. Сондықтан, ырықты зейіннің психологиялық мазмұны әрекетін, мақсатын белгілеуге және ерік күшіне байланысты.

Объектіге ықтиярлы көңіл аудару ерік күшін қажет етеді, ол зейінге сүйеніш болады, Ерікті жұмылдыру алға қойған мақсатты шешуге қажетті ышқыныс ретінде көңіл күйін әбігерлендіреді, ол объектіден зейінді тайдырмауға, алаң болмауға, әрекет үстінде қателеспеуге көмектеседі.

Үйреншікті зейін. Зейіннің үшінші түрі — үйреншікті зейін. Зейіннің бұл түрі ырықты зейіннен кейін пайда болады. Ырықты зейіннің шоғырлануы үшін қажетті ерік күшінің мұнда қажеті азаяды. Үйреншікті зейін дегеніміз — сананы жеке адам үшін маңызды және қымбатты объектіге шоғырландыру.

Психологиялық сипаттары жағынан үйреншікті зейін ырықты және ырықсыз зейін ерекшеліктерімен байланысты, бірақ олардан айырмашылығы да бар. Үйреншікті зейін қызығу, ынта негізінде пайда болады, бірақ ол затқа қызығушылық емес, жеке адамның бағыт бағдарының көрініс беруі. Үйреншікті зейін кезінде іс-әрекет қажеттілік ретінде көңілден орын алып, ал іс нәтижесі жеке адам үшін маңызды болады.


Айтылып отырған зейіннің үш түрі бірі мен бірі араласа айқасып жатады және практикалық әрекетте бір-бірін сүйемелдеп отырады.

3. *Зейіннің қасиеттері.* Зейін мынадай қасиеттерімен: *аумағымен, бөлінуімен, шоғырлануымен, тұрақтылығымен, ауысуымен* сипатталады.

Зейіннің аумағы. Бұл қасиет зейіннің тым қысқа мерзім ішінде қамти алатын объектілерінің санымен өлшенеді.

Ересек адамның зейін аумағы өз-ара байланысы жоқ 4-6 объектіге тең. Егер объектілерді, мәселен, әріптерді мағыналы сөз етіп тұтастыраак, онда бейнелендіретін жеке әріптер саны әлдеқайда өсе түседі. Бірақ бұл жағдайда сөз тұтас объект болып қабылданады да сыналушы кісі әріптердің орны ауысқанын, түсіп қалғанын, кейбіреуінің дұрыс жазылмағанын аңғара алмайды.

Зейіннің бөлінуі. Зейіннің бөлінуі адамның кез келген іс-әрекет үстінде бірнеше объектіге бір мезгілде зейін аудар алатындығынан білінеді. Бір мезгілде өлеңді жатқа айтып, әрі екі ондық шамасында қосу мен алу амалына есеп шығарып көріңіз. Сіз бір әрекеттің екінші әрекетке кедергі болатынын сезесіз. Әдетте іс-әрекет процесінде зейін оның бір түріне ауады. Бұл физиологиялық жағынан ми қыртысындағы оптималдық қозу ошағының жалғыз екендігімен түсіндіріледі.



Зейінді бөле білу қабілеті іс-әрекет арқылы тәрбиеленіп, бірте-бірте адамның маңызды сипатына айналады.

Зейіннің шоғырлануы. Зейіннің объектіге шүйлігу дәрежесі — шоғырлануы, немесе зейіннің күшейе түскендігі оның құнды қасиеті болып табылады. Шоғырлану — объектінің зейінді тартып алуынан білінеді.

Зейіннің шоғырлануы оның аумағы мен бөлінуіне тығыз байланысты. Зейін түсетін объектілер неғұрлым аз болса, зейін бөлетін әрекет түрлері де соғұрлым аз болады да шоғырланудың күшеюіне мүмкіндік молаяды. Зейін бір объектіге, не әрекеттің бір түріне бағытталғанда зейін әбден күшейеді.

Зейіннің тұрақтылығы. Зейіннің тұрақтылығы оның объектіге ұзақ уақыт аударылғандығынан көрінеді. Зейіннің бұл қасиеті көптеген себептерге, нерв процестерінің күшіне, әрекеттің сипатына, іс-әрекетке деген қатынасқа, қалыптасқан әдеттерге т. б. байланысты болады.

Тұрақтылыққа қарсы қасиет — алаң болушылық. Зейіннің тұрақтылығы физиологиялық жағынан қозудың нерв клеткаларының бір тобына ұзақ уақыт шоғырлануымен байланысты. Невр клеткаларының қозу процесіне ұзақ уақыт төзу қабілеті нерв процестерінің әлділігін көрсетеді. Сондықтан сол сияқты тең жағдайлар кезінде зейіннің тұрақтылығынан адамның жоғары нерв әрекетінің жалпы типі байқалады.

Зейін аудару. Зейін аудару дегеніміз — зейінді бір объектіден екінші объектіге әдейі ауыстыру. Зейін аударудың ауытқудан айырмашылығы оның саналы түрде болатындығында. Бір нәрсеге алаң болғанда адам зейін объектісін ықтиярсыз алмастырады, ал зейін аударғанда ол алдына басқа бір нәрсемен шұғылдану немесе тынығу мақсатын қояды. Іс-әрекет процесінде алдымызға жаңа міндеттер қоя отырып, біз зейінімізді бір объектіден басқа объектіге немесе оның бір жағынан екінші жағына ауыстырып отырамыз.

Зейіннің аталып өткен қасиеттері өз-ара тығыз байланыста. Жұмыстың нәтижелі болуы белгілі бір іс-әрекетті орындағанда оған зейіннің жеке қасиеттерінің қатысуына ғана емес, олардың үйлесім табуына да тәуелді.

ТҮЙСІКТЕР

Жоспар:

1. Түйсік туралы ұғым.
2. *Түйсіктердің түрлері*
3. Түйсіктердің сипаты.

1.Түйсік туралы ұғым. Психикалық процестер жүйесіндегі түйсік жалпы биологиялық қасиеті- сезгіштіктің ең маңызды көрінісі. Ол, организмнің ортамен психикалық байланысы орнығатын бастапқы форма болып табылады. Сонымен сезімдік тану негізінде түйсік жатыр. Түйсіктің өмірлік мәні оның әрқашан сезімдік, эмоциялық реңктегі сипатта болатындығымен байланысты. Түстердің адамға әр түрлі психофизиологиялық әсер ететіні (жасыл түс жайбарақаттандырады, қызыл түс қоздырады) тәжірибеде дәлелденген. Ақ және қара түсті бояулармен боялған, салмағы бірдей екі жәшіктің алғашқысы жеңілірек, екіншісі ауырырақ болып көрінеді. Ерекше түйсіктер (органикалық) адамның көңіл күйін, оның эмоциялық реңкін анықтайды. Тіліміздегі *сезгіштік* (түйсіктің танымдық қызметінің сипаты айтылып отыр) және сезім деген сөздердің түбірінің бір болуы тегін емес.

Көз, кулақ тәрізді сезім мүшелері ондаған рецепторлық ұштықты біріктіреді. Тітіркендіргіштің рецепторға әсер етуі сезгіш (афференттік)


нерв арқылы үлкен ми сыңары қыртысының белгілі бір бөліміне баратын нервтік импульстің пайда болуына әкеледі. Жауап қайыру реакциясы эфференттік нерв арқылы беріледі.

Түйсік әрқашан не қимыл қозғалыс, не вегетативтік процестердің өзгерісі түріндегі жауап реакциясымен байланысты. Жауап реакциясын жүзеге асыратын эфференттік (қимылдық) импульстер, өз тарапынан бейімделу реакциясының сипаты жөнінде сигнал беретін афференттік (сезгіштік) нерв импульстерінің тасқынын туғызады. Талдағыштың айналма механизмінде бірнеше күйлеу рефлекстері пайда болады. Сонымен, түйсіктердің физиологиялық механизмі саны, шамасы шартсыз рефлексдер базасында туатын талдағыштардың шартты рефлекстік қызметінің механизмі ретінде сипатталына алады. Адам түйсігінің бірінші сигналдық механизміне екінші сигналдық жүйенің қызметі қосылған.


Адамның сезім мүшелері тітіркендіргішті дәл бейнелендіру организмнің өмірлік қажеттілігі болып табылатын ұзақ эволюциялық процесс барысында қалыптасты.

2. Түйсіктердің түрлері. Түйсіктерді жіктеу. Ежелгі гректердің өздері

бес сезім мүшесін көру, есту, сипау, иіс және дәм түйсіктерін ажырата білген. Қазіргі кездегі ғылым адам түйсіктерінің түрлері туралы түсінікті едәуір кеңейтті. Қазіргі кезде сыртқы және ішкі ортаның әсерін рецепторда бейнелендіретін жиырма шақты әртүрлі талдағыштар бар деп саналынады. Түйсіктерді жіктеуді бірнеше негіз бойынша жүргізеді. Түйсік туғызатын тітіркендіргіш пен рецептордың тікелей жанасуының болатындығы немесе болмайтындығына қарай дистанттық және түйісу рецепциялары ажыратылады. Түйсіктің бұл түрлері жақын ортада бағдар жасауды



қамтамасыз етеді. Дәм, ауырсыну, тактильді түйсіктер—түйісурецепциясына жатады. Рецепторлардың дененің беткі қабатында, бұлшық ет пен терілерде немесе организм ішінде орналасуына қарай тиісті экстероцепция (көру, есту, тактильдік т. б.), проприоцепция (бұлшық, сіңірлерден шығатын түйсіктер) және интероцепция (аштықты, шөлді түйсіну) түрлерін бөліп шығарады.



Көру түйсіктері. Көру аппараты болып табылатын көз — анатомиялық құрылысы күрделі сезім мүшесі. Заттарға шағылысқан сәуле толқындары көз бұршағынан өткенде сынады да, тор қабықта кескін түрінде шоғырланады. Көз дистанттық рецепторға жатады, өйткені ол сезім мүшелерінен біршама қашықтықта жатқан заттар мен сыртқы дүниеде болып жатқан құбылыстар жөнінде білім береді. Көру заттарға дейінгі қашықтықты және олардың көлемділігін кескіндейді. Бұл мүмкіндікті көру талдағышының жұптылығы, заттан алыстағанда немесе оған жақындағанда тор қабықтағы бейне көлемінің өзгеруі, сондай-ақ көз осі қозғалысы (қосылуы және ажырауы) қамтамасыз етеді.

Көздің тор қабығы жарық толқыны әсерімен қозу күйіне түсетін көру нервінің ондаған мың талшықтарының ұштарынан тұрады. Көру нерві ұштарының формалары мен қызметтері түрлі-түрлі болып келеді. Түрі жағынан колбаға ұқсайтын рецепторлар түрлі түсті шағылыстыруға ыңғайланған. Олар тор қабықтың ортасында орналасқан және күндіз көру аппараты болып есептеледі. Таяқша түріндегі нерв ұштары жарықты шағылыстырады. Олар колбалардың айналасында тор қабықтың жиегіне тақау орналасады. Бұл — ымыртта көру аппараты. Таяқшалар зақымданғанда колбалық көру сау қалады және керісінше де болады.

Есту түйсіктері. Есту түйсігін — сөздік, музыкалық және шуылдық деп үш түрге бөледі. Түйсінудің бұл түрлерінен есту талдағышы дыбыстың үш сапасын: күшін (қатты — жай), жоғарылығын (жоғары — төмен), тембрін (дауыстың немесе музыкалық аспаптың өзіндік ерекшелігі), ұзақтығын (дыбыстың созылу мерзімі) және бұған қоса үзіліссіз қабылданатын дыбыстардың екпін ырғақ ернегін ерекшелейді.

Сөз дыбыстарын ажырата естушілік фонематикалық есту деп аталынады. Ол өмір барысында бала тәрбиеленген тілдік ортаға қарай қалыптасады. Шет тілін игеру фонематикалық естудің жаңа жүйесінің жасалуына әкеледі. Шетел тілдерін оқып үйрену қабілеті көбіне дамыған фонематикалық естумен анықталады.

Иіс түйсіктері. Иіс түйсігінің рецепторы да (мурын қуысындағы иіс

нервісінің уштары) дистанттыққа жатады. Иіс түйсіктерін туғызатын тітіркендіргіштер мұрын қуысына ауамен бірге енетін заттардың микроскоптық, бөлшектері болып табылады. Көптеген жануарлар үшін иіс негізгі дистанттық рецептор, жануарлар иіс бойынша азығын іздеп табады немесе қауіп-қатерден сақтанады.

Иіс сезгіштігі дәм білумен тығыз байланысты, тағамның сапасын ажыратуға жәрдемдеседі. Иіс организм үшін қауіпті ауасы бар ортадан сақтандырады, кейбір жағдайларда заттардың химиялық құрамын анықтауға көмектеседі.

Дәм түйсіктері. Дәм білетін мүше — тіл. Дәмдік тітіркендіргіштердің негізгі дәмдік сапалары: қышқыл, тәтті, ащы, тузды болып төртке бөлінеді. Осы төрт түйсіктің араласуынан және оларға бұлшық еттік (тілдің қозғалысы) түйсіктің қосылуынан сан алуан дәмдік түйсіктер туады.

Ашыққанда дәм сезгіштік артады, тойғанда немесе лықа тойғанда әлсірейді. Тамақ ішкен адам тек тойынып қана қоймайды. Тағам онда белгілі бір эмоциялық әсер тудырады.

Тері түйсіктері. Тері қабықтарында тактиль (жанасқанды түйсіну), температура (суық пен жылыны түйсіну), ауырғанды түйсіну тәрізді бірнеше дербес талдағыш жүйе болады. Тері сезгіштігінің барлық түрі де түйісу (контакт) сезгіштігіне жатады. Тактиль сезгіштігі бүкіл дене бойына біркелкі таралмаған. Тактиль клеткаларының өте күшті шоғырланған жерлері — алақан, саусақ уштары және ерін.

Кинестезиялық түйсіктер. Кинестезиялық түйсіктер деп дененің жеке бөлімдерінің қимылы мен қалпын түйсіну айтылады. Кинестезиялық түйсіктердің рецепторлары бұлшық еттер мен сіңірлерде орналасқан. Бұл рецепторлардағы тітіркену бұлшық еттердің созылуы мен жиырылуынан туады. Кинестезиялық түйсіктер нәтижесінде дене мүшелері қимылдарының күші, жылдамдығы, траекториясы жөніндегі білім қалыптасады.

Органикалық түйсіктер. Рецептор ұштарының көбі ішкі мүшелерде орналасқан. Олардан пайда болатын түйсіктер адамның органикалық сезімін (өзін-өзі сезіну) құрайды. Жекелеген органикалық түйсіктерді, мәселен, ашығу, шөлдеу, ауырсыну түйсіктерін ерекшелендіреді.

3.Түйсіктердің сипаты. Адаптация — сезгіштіктің табалдырықтар төмендеп немесе жоғарылағанда тұрақты әсер етуші тітіркендіргішке бейімделуі. Адам өзенге түскен алғашқы минуттарда оған су суық болып көрінеді. Суықты түйсінуден арылған соң су жылынғандай болады.

Адаптация ауру түйсіктерінде болмашы ғана. Ауру мүшенің зақымдалғанын хабарлайды, олай болса, ауру түйсіктеріндегі адаптация организмнің опат болуына әкеп соғар еді.

Түйсіктердің өз-ара әсері. Түйсіктердің өз-ара әсері дегеніміз — бір талдағыш жүйесі сезгіштігінің басқа талдағыш жүйесі әсерінен өзгеруі. Сезгіштіктің өзгеруі талдағыштар арасындағы ми қабығындық байланыстармен және едәуір дәрежеде бір мезгілдік индукция заңымен түсіндіріледі.

Сезгіштіктің түйсіктердің өз-ара әсері жүйелі жаттығу нәтижесінде артуы сенсбилизация деп аталады.

Түйсіктердің қарама-қарсылығы (контрастылығы). Контраст дегеніміз — ілгергі немесе қосарланған тітіркендіргіш әсеріне қарай түйсіктердің қарқыны және сапасының өзгеруі. Екі тітіркендіргіштің бір мезгілді әрекетінен бір мезгілділік контраст пайда болады.

Синестезия құбылысы. Синестезия дегеніміз — пайда болған бір модальды түйсіктің басқа модальды түйсікті қоздыруы. Аталып өтілгендей, бейненің мопомодальдылығы түйсіктің ерекшелігі болып табылады. Бірақ талдағыштың орталық ядроларында болатын түйсіктердің өз-ара әсері, мәселен, адамда дыбыстар әсерінен түрлі түсті түйсіктер тууына әкеледі. Ал түрлі түстер суықтық түйсігін туғыза алады. Міне, осы құбылыс Синестезия деп аталынады.

Түйсік заңдылықтарына байланысты өте көп зерттеулер жүргізілгенімен, қандай жағдайда қажетті тітіркендіргіштің организмге сезгіштік табалдырығы мейлінше төмен кезінде әсер ететіні, яғни мүшелеуге мейлінше ыңғайлы болатыны әлі күнге толық анықталған жоқ.

Қабылдау

Жоспар:

- 1.Қабылдау туралы ұғым.
2. Қабылдаудың қасиеттері.
- 3.Қабылдау түрлері.

1.Қабылдау туралы ұғым. Қабылдаудың жалпы сипаттамасы. Айнала қоршаған дүние туралы білімді біз олармен тікелей қатыста түйсіктер арқылы ғана емес, қабылдау арқылы да аламыз.

Қабылдау түсінігі латын тілінде «пертептио» қабыл ету деп аталады. Бунның жоғарғы басқышы «апперцепция»(лат-ад пертептио) делінеді.

Апперцепция-қабылдау процессі адамның алдағы білімдері, жеке және әлеуметтік

тәжірибелері, қызығу, талаптары және әдеттері рухыи тұрмыстың барлық мазмұнымен белгіленеді.

Қабылдау дегеніміз — заттар мен құбылыстардың өз қасиеттері және бөлшектері жиынтығымен қосылып сезім мүшелеріне тікелей әсер ету кезінде бейнеленуі.

Түйсіксіз қабылдаудың болуы мүмкін емес. Қабылдау процесі жеке адамның басқа да



психикалық процестері: ой (біз алдымызда не тұрғанын аңғарамыз), сөз (қабылдайтын затты атаймыз), сезім (қабылдайтын затпен белгілі қатыста боламыз), ерікпен (қабылдау процесін белгілі дәрежеде ырықты ұйымдастырамыз) байланысты жүзеге асады. Айнала қоршаған дүниедегі белгілі заттар мен құбылыстардың біздегі сезім мүшелеріне әсері нәтижесінде қабылдаудың заттылығы қалыптасады.

Қабылдау қабылдайтын объектіге байланысты да түр-түрге бөлінеді. Кеңістікті, уақытты, қозғалысты, затты, сөзді, музыканы, адамды адамның қабылдауы жайлы сөз қозғалады.

2. *Қабылдаудың қасиеттері. Қабылдаудың таңдамалылығы.* Адамға әсер ететін заттар мен құбылыстардың молдығы сонша, ол олардың барлығын бірдей бір мезгілде қабылдап, жауап қайтара алмайды. Орасан көп әсерлердің тек кейбіреулерін ғана әбден анықтап, мағынасын ажыратамыз. Бұл ерекшелік қабылдаудың таңдамалылық сипатын білдіреді. Таңдамалылықтан жеке адамның бейнелеу әрекетінің көрінісі ретінде қабылдау процесінің белсенділігі ашылады.

Қабылдаудағы зат және фон. Қабылдаудың мазмұны мен жүзеге асу сипаты жеке кісілердің бет алысына, олардың тәжірибелеріндегі айырмашылықтарына, мүдделеріне, жеке адамның жалпы бағытына тәуелді. Суретті, ән әуезін, кинокартинаны әр адамның өзінше қабылдайтындығы белгілі. Тіпті адамның бар затты емес, өзіне керек деп тілегенін қабылдайтын кезі де болады.

Қабылдау мазмұны мен бағыт-бағдарының адамның тәжірибесіне, мүддесіне, өмірге қатынасына, бағдарына білім байлығына тәуелді болып келуі апперцепция деп аталады. Апперцепция —

қабылдаудың ең маңызды қасиеттерінің бірі. Көз өзінен-өзі қабылдамайды, басқамен байланыссыз бөлек тұрып құлақ дыбыс естілмейді, өзінен-өзі тіл дәм санасын айыра алмайды. Қабылдаудың барлық түрін жүзеге асыратын тіршілік иесі, нақты адам болып табылады. Қабылдаудан әрқашанда әрекет үстіндегі, танып білуші адамның ерекшеліктері көрінеді, тілегі, мүддесі, сезімі, ерік-мақсаты, қабылдау затына белгілі бір қатынасы байқалады.

Қабылдау процесінде біз кез келген құбылысты бұрыннан бар білім, жінақталған тәжірибе тұрғысынан түсініп, ой елегінен өткіземіз. Бұл жаңадан алған білімді бұрын қалыптасқан білім жүйесіне көруге мүмкіндік



В


береді.

Қабылдаудың константтылығы. Константтылық деп қабылданатын заттардың көлем, түр және түсінің қашықтықты, нобайды, жарық беруді өзгерткендегі салыстырмалы тұрақтылығын айтамыз.

Қабылдау константтылығы жеке адамның даму процесінде игерген тәжірибелерімен түсіндіріледі және оның орасан зор практикалық маңызы болады. Егер қабылдау константты болмаса, біз әр қадам сайын, бұрылғанда, қозғалғанда жарық өзгергенде жаңа затпен кездескендей болып, бұрыннан белгілі нәрселерді танымас едік.

3.Қабылдау түрлері. Кеңістікті қабылдау процесі заттардың көлемін, түрін, аумағын және қашықтығын қабылдаулардан тұрады.

Заттардың көлемі мен түрін қабылдау. Заттардың көлемі мен түрін қабылдауда олардың көздің тор қабығында бейнеленуінің үлкен маңызы болады. Үлкен заттарға үлкен кескін, кішілеріне кіші кескін сәйкес келеді. Адамның көз құрылысының ерекшелігіне байланысты алыста орналасқан зат көлемі жағынан бірдей болғанымен жақын қашықтықтағы затқа қарағанда кіші болып бейнеленеді.



Соқыр боп туып, сәтті операциядан соң көзі көріп кеткендердің әрекетін бақылау, заттардың көлемі мен түрінің дұрыс қабылдануы тек қана көзге байланысты емес екендігін дәлелдейді..



Мұндай көзі енді көре бастаған адамдар заттардың көлемі мен түрін көз қабылдауының көмегімен анықтауға бірден үйренісіп кете алмайды. Бастапқыда олар шарды шеңберден, төртбұрышты затты үшбұрыштыдан айыра алмай қиналып, затқа дейінгі қашықтықты анықтай алмайды. Мұндай адамдар жиі-жиі қашықтағы заттарды ұстамақ болып, қол созып қарманады. Заттарды көру, сипау, қимыл реакцияларын жасауды комплексті үйлестірудің белгілі бір тәжірибесінен өткеннен кейін ғана көзі ашылған адамдар кеңістікте еркін бағдар айыруға болады.

Демек, заттардың көлемі мен түрін қабылдау көру, сипап сезу және бұлшық еттік, қимылдық түйсіктердің күрделі үйлесімі үстінде жүзеге асады.

Заттардың аумақтылығы мен қашықтылығын қабылдау. Заттардың аумақтылығын немесе тереңдігін қабылдауда бинокулярлық көру (екі көзбен көре қабылдау) негізгі роль атқарады.

Монокулярлық көру (бір көзбен қарау) қашықтықты белгілі бір шек маңында ғана дұрыс анықтай алады. Егер шамалы қашықтықта керулі тұрған жіңішке жіпке бір көзбен қарайтын болсақ, жоғарыдан тасталған кішкентай шардың оның алдынан немесе артынан өткенін айыру қиын.

Егер екі көзбен қарайтын болсақ, дәл осы құбылысты дұрыс қабылдау бізге қиын соқпайды.

Бинокулярлық көруде(екі көзбен қарау) заттың кескіні диспараттық нүктелерге, яғни оң және сол көздің тор қабықтарының толық сәйкес емес нүктелеріне келіп түседі. Кескін сәулесі біртектес нүктелерге, яғни, торқабықтың бір-біріне толық дәл келетін нүктелеріне келіп түссе, онда кескін жалпақ болып қабылданады. Егер зат бейнесінің диспараттығы тым үлкен болса, онда бейне қосарлана бастайды. Мәселен, бірнеше метр жерде төмен салбырай ілінулі тұрған жуан жіпке қарап тұрған кезде көз алдымызға қалам ұстай қойсақ біз екі қалам көретін боламыз. Көз қиығын қаламға бұрсақ қосарланған жуан жіп қабылданады. Диспараттылық белгілі мөлшерден аспаған жағдайда тереңдікті қабылдау пайда болады.

Тереңдікті қабылдауда көз бұлшық еттерінің жиырылуы мен жазылуынан пайда болатын бұлшық еттік-қозғалыстық түйсіктердің маңызы аз емес. Саусақты ақырындап мұрынға жақындату, көз бұлшық еттерінің тартылуының нәтижесі болатын проприоцептивтік түйсіктер туғызады. Бұл түйсіктер көз сызықтарын жақындататын – конвергенция(лат.-ковергере-жақындасу,қосылу) құбылысы, ажырататын – дивергенция(лат.-дивергере-ұзақтасу) құбылыс бұлшық еттерден және көз бұршағының шапыраштануын өзгертетін бұлшық еттен шығады,көзлердің сыртқы тәрептен бұрылыуына айтылады.

Заттар қашықтаған жағдайдағы кеңістікті қабылдауда заттардың орналасуына қарай туатын жарық пен көлеңкенің өз-ара орналасуының маңызы үлкен болады. Адам мұндай ерекшеліктерді байқайды да заттың кеңістіктегі орнын жарық пен көлеңкеге сүйеніп-ақ дұрыс анықтап беруді үйренеді.

Кеңістікті қабылдауда, оның ішінде қашықтықты бағалауда, иіс және есту түйсіктері белгілі роль атқарады. Мәселен, иіске қарап, жақын маңда асхананың бар екенін анықтауға, аяқ дыбысына қарап жүріп келе жатқан адамның сізден қанша қашықтықта екендігін топшылауға болады.

Заттардың кеңістіктік қасиеттерін қабылдаудағы иллюзиялар (жалған көріністер). Заттардың надұрыс қабылдануы-иллюзия деп айтылады. Қателер (иллюзиялар) әр түрлі талдағыштар қызметінде кездесіп отырады. Иллюзиялардың ішінен көру иллюзиялары көбірек белгілі. Мәселен, ақ көйлекті әйел қоңырқай киімдіге қарағанда толықтау сияқты көрінеді, Көлденең жолақты мата мүсінді толықтау етіп, тік жолақтысы биіктеу етіп көрсетеді. Айналанған қабырға бөлмені үлкейтіп, кеңдік иллюзиясын туғызады.

Иллюзиялардың алуан түрлі себептері бар. Олар өмір тәжірибесінде қалыптасқан көріп қабылдау тәсілдері, көру талдағыштарының ерекшеліктері, қабылдау жағдайының өзгеруі, көргенді бейнелеп болжау, көрудегі әр түрлі кемістіктер.

Галлюцинация- сыртқы дүниеде жоқ нәрселерді қабылдау. Жоқ нәрселердің көзге көрінуі, жоқ дауыстың естілуі, жоқ иістің сезілуі және т.б. Галлюцинация тұлғаның қандайда бір нәрсені ямаса жағдайды көргендей, естігендей жәнеде ұсыған ұқсаған нәрселерді бейнелендіруі болып есептеледі.

Уақытты қабылдау. Уақытты қабылдау — бұл құбылыстар оқиғалардың ұзақтығы мен тізбегін бейнелендіру. Уақытты қабылдау арқасында айнала қоршаған дүниедегі болып жатқан өзгерістер бейнеленеді.

Уақыттық аралықтар адам организмінде болатын ырғақты процестермен анықталады. Жүрек соғу ырғағы, ырғақты тыныс, күнделікті өмірдің ырғақтылық сипаты уақытқа деген рефлексстердің қалыптасуына әсер етеді. Уақытты дәл, тікелей қабылдауға көнетін тек қысқа мерзімді интервалдар ғана. Уақыттық аралықтарды дәл бағалауға есту және қимылдық түйсіктер себепші болатынлығы анықталған.

Адамның әрекетін, қимыл-қозғалысын, қылықтарын, қызметін бақылай отырып, адамдар бір-бірі жөнінде алған өз әсерлерін ой елегінен өткізеді және ішкі психологиялық мазмұнға терең үңіледі, жеке адамның ынта сезім, әдет, сенім, мінез, қабілеттерін танып біледі.

Байқау және байқағыштық. Жеке адам әрекетінің қандай дәрежеде мақсатты бағыт алуына қарай қабылдауды ойластырылған (ықтиярлы) және ойластырылмаған (ықтиярсыз) деп бөледі.

Қабылдау мен байқаудағы индивидуалдық айырмашылықтар. Қабылдау мен байқау процесінде біздің әрқайсысымыз өзіміздің дара ерекшелігімізді көрсетіп отырамыз. Бұл жеке адамның психикалық келбеті мен түсіндіріледі. Индивидуалды ерекшелік мүшелерінің құрылысы мен қызметіндегі айырмашылықтарға да байланысты болуы мүмкін. Көздің көргіштігі, құлақтың естігіштігі, иіс, дәм, сипай сезудің нәзіктігі де осыларға тәуелді.

Дара ерекшеліктер әр адамның қабылдауына өзгеше өң беріп, бейнеленуді индивидуалды етеді. Қабылдау мен байқаудың индивидуалдық сипаты олардың құбылмалылығы, дәлдігі, тереңдігі, жалпылану дәрежесі және эмоциялық реңк ерекшеліктерінен көрінеді.

Қабылдау мен байқаудың типтері. Адамдар тәжірибесінде және олардың қабылдау ерекшеліктерін психологиялық зерттеу барысында қабылдау мен байқаудың мына төмендегі: *синтездік, аналитикалық, аналитикалық-синтездік* және *эмоциялық* жайында білім жинақталды.

Синтездік типтегі адамдарда негізгі мәнісін анықтауға басым бейімділік көзге түседі. Олар ұсақ түйектерге мән беріп, олармен шұғылданып жатуды унатпайды.

Аналитик типтегі адамдардың болып жатқан ұсақ-түйекке соншама зер салам деп мұндай адамдар кейде құбылыстың негізгі мәнін түсінуге шорқақ болады. Мұндай адамдар әрқашанда жеке бөлшектерді талдауды қорытындыға келумен деректер табуды оларды түсіндірумен ұштастырады. Өмірде бұл тип басқаларға қарағанда жиірек кездеседі. Осындай адамдардың байқауы мен қабылдауы іс-әрекет үшін қолайлы болып есептеледі.

ЕС

Жоспар:

1. Ес туралы ұғым.
2. Естің маңызы.
3. Ес заңдылықтары.
4. Естің түрлері.
5. Елестер.

1. Ес туралы ұғым. Адамның қабылдағандары ізсіз жоғалып кетпейді. Үлкен ми сыңарлары қыртысында қозу процесінен іздер сақталып қалады. Бұл іздер қозуды туғызған тітіркендіргіштер жоқ кезінде де қозудың тууына мүмкіндік жасайды. Соның негізінде адам есте тұтып және сақтай алады, ал кейін жоқ нәрсені бейнелендіреді немесе бұрын игерілген білімін қайта жаңғырта алады.

Ес дегеніміз — адам тәжірибесін есте тұту, сақтау қайта жаңғырту жолымен бейнелендіру.

И. П. Павлов өз қызметшілерімен бірге мидың рефлекстік қызметінің нәтижесі екенін тәжірибе жүзінде көрсетіп берді. ...Уақытша нервтік байланыс,— деп жазды Павлов,— жануарлар дүниесі мен біздің өзіміздегі өте универсалды физиологиялық құбылыс. Сонымен бірге ол психикалық та, ол түрлі әрекеттердің, әсерлердің немесе әріптердің байланысынан тұратын құрылым болсын, психологтардың сөз және ойлар тізбегі ассоциация деп айтатындары.

Естің негізінде ассоциациялар немесе байланыстар жатады.

Физиологиялық жағынан алғанда ассоциация уақытша нервтік байланыс болып саналады. Ассоциациялар қарапайым және күрделі болып екіге бөлінеді. Қарапайымына аралас, ұқсастық және қарама-қарсылық жөнінен үш түрлі ассоциацияны жатқызады.

Аралас ассоциация уақыттық немесе кеңістік байланысы бар екі құбылысты біріктіреді. Мұндай ассоциация, мәселен, әріптерді жаттағанда пайда болады да, бір әріптің аталуы, одан кейінгісін еске түсіреді.

Ұқсастық жөніндегі ассоциация ұқсас сипатты екі құбылысты біріктіреді, оның біреуінің аталуы екіншісін еске түсіреді. Мысалы, мұғалім география сабағында оқушыларды Австралия порттарының аттарымен таныстырып тұрып олардың біреуінің аты Аделаида деген әйел атына ұқсас екенін айтады, сөйтіп есте сақтауды жеңілдететін ұқсастық ассоциациясын жасайды. Қарама-қарсылық ассоциациясы қарама-қарсы екі құбылысты байланыстырады. Мәселен, шөлейт аймақ ерекшелігі орманды аймақпен қарама-қарсылықта есте қалады. Бұл түрлерден басқа мағыналық — күрделі ассоциациялар да болады. Олар бөлшек пен тұтастық, тек пен түр, себеп пен салдар сияқты ақиқат өмірде де тұрақты байланыста болатын екі құбылысты байланыстырады. Бұл ассоциациялар біздің біліміміздің негізі болып саналады.

Ес—сигнал туралы информацияның сигнал әсері тоқтаған соң да сақталуы.

Нерв жүйесінде түрдің эволюция процесінде жинақталып шартсыз рефлекс немесе инстинкт болып қалыптасқан және организмнің индивидуалды өмірінде шартты рефлекс түрінде бойына сіңген екі түрлі информация сақталады. Соларға сәйкес естің екі тегі — түрлік ес және индивидуалды ес болады.

Ес механизмдерін түсіндіруге нейрохирургия және онымен байланысты нейропсихология зерттеулері де біршама себін тигізеді. Мидың әр түрлі бөлімдеріне жасалған операциялар және жаралану, қан кету, қабынуға байланысты миға зақым келген ауруларды клиникалық зерттеу, ми қыртысының түрлі порекциялық алаптарының (талдағыштар) жаралануы естің кей түрлерінің (көру, есту, қозғалыс т. б.) нашарлайтынын, бірақ естің жалпы бұзылуы байқалмайтындығын көрсетті. Ал ми қыртысының маңдай немесе самай бөлімдері зақымданғанда кез келген талдағышта информацияның сақталуы нашарлайды, ес тұтас бұзылады.

2.Естің маңызы. Адам өмірінде естің маңызы орасан зор, өйткені онсыз ешбір іс-әрекет болмаған болар еді. И. М. Сеченов ес болмаса, біздің түйсіктеріміз бен қабылдауларымыз пайда болған бетте ізсіз жоғалып, адам мәңгі бақи жас нәресте қалпында қалар еді деп көрсетті.


3. Ес заңдылықтары. Естің негізгі процестері есте сақтау, қалдыру, ұстау, тану және қайта жаңғырту болып табылады.

Есте сақтау — алынған әсерлерді есте ұстауға бағытталған, есте ұстаудың алғы шарты болатын процесс. Есте ұстау — мағлұматты белсене қайта өңдеу, жүйелеу, жалпылау, оны игеру процесі. Қайта жаңғырту мен

тану — бұрын қабылдағандарды қалпына келтіру процесі. Олардың арасындағы айырмашылық — тану объектімен қайта кездескенде, қайталап қабылдағанда болады да қайта жаңғырту объект жоқ кезде жүзеге асады.

Есте сақтау. Есте сақтау мақсатының болу, болмауына қарай есте сақтау ықтиярлы және ықтиярсыз болуы мүмкін. Ықтиярсыз есте сақтау — бұл ойластырмай есте сақтау.

Ықтиярлы есте сақтау — мағлұматты есте сақтауға саналы мақсат қойылуымен сипатталады. Ол үшін жаттау процесі ұйым- дастырылып, ерік күші жұмсалады.



4. *Естің түрлері.* Есте қалатын нәрсенің мазмұны, есте не қалатындығына төрт түрге бөледі. Қимылдық ес немесе қозғалыс есі дегеніміз — адам жасаған қимылдарды есте қалдыру мен қайта жаңғырту. Бұл ес қимылдық дағдылар мен әдетті қозғалыстар жасаудың негізіне алына барлық тұрмыстық, спорттық және еңбек дағдылары қимылдық ес арқасында, белгілі динамикалық стереотиптің қалыптасып, нығаяуы арқасында игеріледі. Эмоциялық ес немесе сезім есі адамның басынан кешкен сезімдерін есте ұстайды.

Сөздік немесе мағналық ес — бұл сөз формасында оқылған немесе

естілген ойды есте сақтап және ұстап, кейін қайта жаңғырту. Есте сақтау сөз формасында қабылданған қалпында да болуы мүмкін. Бұл формулаларды сөзбе-сөз анықтамаларды есте сақтау кезінде болады.

Бейнелендіру немесе елестету есі адамдардың түрлерін, табиғат суреттерін, жиһаздарды, музыкалық әуендерді, иіс, дәмдерді есте сақтауға, қайта жаңғыртуға көмектеседі. Бейнелендіру есі барлық адамдарда бар, бірақ ол әсіресе суретшілерде бар.

Қысқа мерзімдік ес адамда материалды аз уақыттан соң еске түсіруді мақсат тұтып, одан кейін сақтаудың қажеті жоқ деген жағдайда көрініс береді.

Кей жағдайларда әрекет сипатымен байланысты, қысқа мерзімдік ес қана қажет болады. Естің бұл түрін басқа сөзбен, оперативтік ес деп атайды. Есті қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік деп бөлудің дұрыстығы күнделікті өмірден де байқалады. Қысқа мерзімдік ес ұзақ мерзімдікке ауысуы мүмкін.

5. *Елестер.* Елестер дегеніміз — қазіргі сәтте сезім мүшелеріне әсер етпейтін заттар мен құбылыстар бейнесінің мида пайда болуы.

Елестердің физиологиялық негізі үлкен ми сыңарлары қыртысында бұрынғы қозулардан қалған іздер болып табылады. Тітіркендіргіш әсерімен ми қыртысындағы ескі нервтік байланыстар жанданады да, бейне пайда болады. Елестер — бұл бұрынғы қабылдауларды қайта өңдеу мен жалпылаудың нәтижесі. Қабылдаусыз елестер құрастырылмас еді, өйткені соқыр боп туғандардың түрлі түс пен бояулар жөнінде, ал тумысынан саңыраулардың есту елестері болмайды.

Елес — қабылдауға қарағанда танымның жоғарырақ сатысы түйсіктен ойға ауысу сатысы болып табылады. Бұл көрнекі, сонымен бірге заттың сыпатты белгілерін сәулелендіретін жалпылама бейне. Елестің басты ерекшелігі — онда көрнекілік пен жалпыламалықтың өз-ара кірігетіндігі. Бұл екі сигнал жүйесінің өз-ара әсерінің нәтижесі. Елестердің тууына бірінші сигнал жүйесінің сигналдары (түрлі түстер, иістер, формалар т. б.) себепкер бірақ елестер екінші сигнал жүйесі арқасында бейне болып қалыптасады.

Жалпы және дара елестер. Үнемі дара болып келетін қабылдаулардан елестердің айырмашылығы олар дара және жалпы болып бөлінеді. Арнаулы бір затты қабылдауға негізделген елес дара болады, өйткені ол дара затты бейнелендіреді. Бірнеше ұқсас заттарды жалпылап бейнелейтін елес жалпы болады. Жалпы елестің қалыптасуында сөйлеу, бір сөзбен бірнеше затты атау аса маңызды роль атқарады.

Дара елесте белгілі бір дара затқа тән ерекше белгілер бейнеленеді. Жалпы елесте көптеген ұқсас заттарға ортақ, яғни осы топтағы әр затта болатын белгілер бейнеленеді.

Гранитпен құрсауланған Нева өзенінің бейнесін, мысалы, жалпы өзен бейнесімен салыстырып көріңіз. Нева бейнесі — Бұл дара елес, өзен бейнесі — жалпы елес. Бірақ тіпті дара елестің өзі қабылдау бейнесімен салыстырғанда жалпылама болады, өйткені ол өзгермелі заттың бірнеше қабылдануын жалпылайды. Нева бейнесі, яғни дара елес әр кездегі —

қысқы мұз астындағы, мұз бұзылып жөңкілгендегі, су түсі аспандай көгілдір жазғы ыстық сәскедегі, күзгі сұрғылт күндегі, Неваны толқындататын күшті желдегі, арнадан су асатын тасқындағы тәрізді түрлі көріністер негізінде құралады.

Жалпы елестің дара елестен ерекшелігі тек жеке елестерге тән индивидуальды сипатқа ие емес. Жалпы елесте бір тектес құбылыстарға ғана тән сипаттар жинақталған. Дегенмен, жалпы елестер да көрнекілік сипатқа ие — ол заттардың, құбылыстардың көрнекі ерекшеліктерінің бейнеленуі.

Елестің түрлері. Елестерді оларға негіз болатын қабылдау түрлеріне қарай айырады. Елестерді *көру* (адам, зат, пейзаж), *есту* (музыкалық әуенді елестету), *иіс* (эфир иісін елестету), *дәм* (лимонның дәмін елестету), *сипап сезу-қозғалыс* (секірген кездегі дене қалпын елестету) елестері деген түрлерге бөледі.

ОЙЛАУ

Жоспар:

- 1.Ой туралы ұғым.
- 2.Ойлау түрлері.
- 3.Ойлау формалары.
- 4.Ойлау операциялары.

1. *Ой туралы ұғым.* Барлық танымдық процестердің орайында ой ең күрделісі болып есептеледі.



Ойлау-қоршаған дүние уақиғаларды сөз арқылы тікелей жалпыламай жайытта бейнелендіруші психикалық процесс. Жәмиетшілік себепті байланыстарды байқауға, жаңалық ашуға, болжауға бағытталған ақлыи қызмет. Ойлау жаратылысты анализ және синтез етуде оны тікелей және жалпы бейнелендіру процессі болып есептеледі.

Ойлау — адам соның арқасында заттар мен шындық құбылыстарын олардың елеулі белгілері бойынша бейнелендіретін олардың ішінде, сондай-ақ арасында болатын әр түрлі байланыстарды ашатын психикалық процесс.

Ойлаудың әлеуметтік табиғаты.
Ойлау ми қыртысында жүзеге асатын психикалық процесс болғанымен ол табиғаты жағынан әлеуметтік болады. Адам кез келген мәселені алға қойып, шешу үшін тәжірибеде ашылған заң, ереже ұғымдарды пайдаланып отырады. Ғылымда жинақталған осы заңдар тәуелділіктер, әдістер, ұғымдарды әр адам ойлау үстінде пайдаланып отырады.

2.Ойлау түрлері.

а) көргізбелі hәрекетті-бұл адамдардың әр бір іс әрекетінде әмелге асып отырады.

б) көргізбелі образлы-адамның тікелей қабылдаған предметтер емес, ал елестер, образлар, зат және құбылыстар жөнінде пікірлеуден ібарат ойлау түрі болып есептеледі.

в)логикалық-бұл мәнілі түсініктерге тикарланған ойлау түрі.

Логикалық ойлау адамға предметтер мен сөзлер, амалдар жәрдемінде орындалатын ойлау түрі.

3.Ойлау формалары.

а) пікір-шама, шәртті, тастиктаушы.

б) түсінік-жеке, конкрет, жалпы, абстракт.

в) ойдан жумақ шығару-индуктив, дедуктив, аналогиялық .

а) Пікір – бұл нәрсе және құбылыстардың уақыиғалықтағы өз-ара байланыста болған белгілер,түсініктер де көрсетіліп берілсе ямаса бір-бірінен ажратып көрсетілсе бұл пікір деп аталады.

б) Түсінік-бұл нәрсе және құбылыстардың жалпы және ахмиетті белгілерін бейнелендруші бұл түсінік болып есептеледі.

Адамның уақыиғалықты білу процессінде нәрселерді бір-біріне салыстырып олардың ұқсастық және ерекшелігін анықтайды.

в) Ойдан жумақ шығарыу-бұл түрдегі формасы мен біз екі ямаса бір неше пікірлерден жаңа пікірлер пайда етеміз.Ойдан жумақ шығару үш түрге бөлінеді.Индуктив, дедуктив және аналогиялық.

Ой қорытындысы бірнеше жеке жағдайдан шығатын жалпы тұжырымға



қарай, яғни жалғыздан жалпыға өтуге берілетін ұғым. Бұл-индуктивтік ұғым. Бірақ жалпы заң, ережеден жеке жағдайға қарай, жалпыдан жалғызға келтірілген ұғым. Бұл-дедуктивтік ұғым. Нәрсесі және құбылыстардың бір-біріне ұқсас болған белгілеріне қарап пікір жүріту, жумақ шығару формасы-аналогиялық есептеледі.

4. Ойлау операциялары. Анализ — бүтінді бөлшектеп майдалау, мүшелеу, қайсыбір жақтардан, жеке бөлшектерден, белгілерден бөліп қарау, ажырату, абстракциялау.

Синтез — бөлшектерді, жақтарды, белгілерді біріктіру, жалпылау, топтау, бүтін құрау.

Салыстыру. Салыстыру — бұл қашанда салыстырылатын заттардың (құбылыстардың, фактілердің) ұқсастығы мен айырма-шылығын анықтау, әдетте біртектес, әйтеуір бір ұқсастығы, үйлестігі бар заттар (құбылыстар, оқиғалар) салыстырылады.

Абстракциялау — бұл нәрсесі және құбылыстардың ең әһмиетті ерекшеліктерін парықтап алып, осы ерекшеліктерден заттардың ерекше болмаған екінші дәрежелі ерекшеліктерін ойдан ажырату.

Жалпылау. Жалпылаудың ең қарапайым түрі ұқсас заттарды олардың кездейсоқ ортақ белгісіне қарай біріктіру болып табылады. Басты және қосалқы ұқсас белгілер негізінде заттар түр сияқты топтарға бірігеді. Жалпылау үшін осы заттардың әрқайсысындағы белгілерді айыру және осы белгілер негізінде жалпылау түсініледі.

Топтастыру (классификация). Жүйелеу де заттар немесе құбылыстарды топтастыру, бірақ, топтастыру белгілі бір түр, топқа жататын заттарға тән негізгі белгілердің ұқсастығына қарай ғана жүргізілмейді. Жүйелеу осы топтың ішінен одан да кіші топтар мен бөліктерді саралайды. Бұл-кішкене топтар да ортақ белгілер негізінде құрылады, бірақ ол белгілер бұл түр.



Нақтылау(конкреттестіру)дегеніміз- жалпыланған білімді нақтылы жеке пайда қолдану, бұл үшін осы жеке жағдайды тағы да оның белгілі ереже, ұғым, заңға сай келетін белгілерін айрықшалау керек. Адамның барлық қызметінде актив қатысады.

*Системаластыру-*нәрсе және құбылыстар, фактілер, пікір және объектілер кезіндегі иелеген жайына қарап мағыналы жайластыру болып есептеледі.

ҚИЯЛ

Жоспар:

1. Қиялдың жалпы сипаттамасы.
2. Қиялдың маңызы.
3. Қиялдың түрлері.
4. Дәретушілік.

1. Қиялдың жалпы сипаттамасы. Ойлаудың негізгі қызметі — заттар мен құбылыстардың мәнін, олардың арасындағы заңды байланыстарды тану. Естің негізгі қызметі бұрынғы тәжірибені сақтау. Қиялдың мәні осы тәжірибені құлпыртып қайта қуруда. Қиялда жеке тәжірибе немесе адамзат тәжірибесі негізінде немесе объективті жаңа нәрсе жасалынады. Қиялында адам жоқтан бар жасай алмайды. Қиял-бұл елестерді қайта қуру және солардың негізінде бейнелер қалыптастыру, оның жүзеге асуы жаңа материалдық және рухани байлық жасауға әкеледі. Қиял өмірде бар, бірақ адамның жеке тәжірибесінде кездеспеген объектінің бейнесін жасау.


Тарихи жинақталған тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Дүние туралы адамда бар елестер өрісінің қалыптасуында оның маңызы артқан үстіне арта түсті. Бұл тәжірибе әуелі ауызша сөйлеу, кейінірек жазбаша сөйлеу арқылы берілді. Сөйлеу арқылы адамда өзінің тікелей өмір тәжірибесінде кездестірмегенін де елестете алу қабілеті дами бастады. Жақын және алыс болашақты елестетуге талпынуда біртіндеп адамның психикалық әрекетіне тән сипатқа айналды. Қазіргі кезде бұл сипат табиғат өндіріс, әлеуметтік құбылыстар дамуын ғылыми негізде болжауда көрініс береді.

Қиял процесінің физиологиялық механизмдері. Қиялдың физиологиялық механизмдері өте күрделі және олар былайша сипатталады. Үлкен ми сыңарлары қыртысының негізгі қызметі өткен тәжірибелер жинақталатын уақытша байланыстар жүйесін құру. Бұл тәжірибе адамның дүние туралы елестері мен білімдерінің жиынтығынан тұрады.

Жаңа бейненің қалыптасуын қамтамасыз ететін физиологиялық механизм — үлкен ми сыңарлары қыртысында бұрын қалыптасқан уақытша байланыстардан тұратын жаңа үйлесімдердің құрылуы.

Кез келген елес, кез келген бейне формалды түрде шындықтың бірінші сигналдық, сезімдік бейнеленуіне жатқанымен қиял бейнелерінің жасалуы бірінші және екінші сигналдар жүйелерінің бірлескен қызметінің нәтижесі.

Қиял бейнелері шындықты бейнелеудің тек адамға тән ерекше формасы болып саналады.



- агглютинация (су перісі, кентавр);
- акцентуация (лилипут, шунатайдай бала, гулливер)
- типизация («Айман Шолпан »жырындағы Айман денесі)


2.Қиялдың маңызы. Қиял басқа психикалық процестерімен табиғи байланыста. С. Г. Рубинштейннің ойынша, дүниені өзгертуге қандай да болса қатысы бар ой, сезім, кез келген әрекетте қиялдың элементтері бар. Қиял тіпті бейнелендірудің адамның қабылдауы түріндегі формасына да енеді.

Егер қиял бейнелері өзінің мазмұны адамның негізгі өмірлік мақсатымен байланысып келсе, ойда олар терең және тұрақты сезімдердің пайда болуына алып келеді.

Қиял бейнелері — әсіресе аңсаған болашақ бейнелері — адамды жігерлі мінез-құлыққа, оларды жүзеге асыру жолында әрекет жасауға итермелейді.


3. Қиялдың түрлері. Қиял бейнелерін әдетте екі түрге бөледі. Олардың біразы өмірде бар, бірақ адамның өмір тәжірибесінде кездеспейтін нәрселер мен құбылыстардың бейнелері. Олар сөзбен суреттеу және адамда бар елестер мен білім негізінде жасалынады. Бұл қайта жасау қиялының бейнелері. Басқа бейнелер — қазіргі кезде жоқ объектілердің бейнелері. Бұл дәретушілік қиял бейнелері. Арман қиялдың ерекше түрі болып табылады.

- **Қиялдың характері бойынша:** *актив және пассив қиял түрлері болады.* Түс, арзу, галлюцинация – бұл пассив қиял түрлері. Актив қиял адамның өз турмысын жоспарластыруда, тілектерін әмелге асыруда көрінеді. *Мысалы,* жай қуруда, жаңа заттар жаратуда және т.б.



Дөретушілік *қиял*. Конструктор ойлап табатын машина бейнесі, жазушы тудыратын әдеби қаһарман бейнесі немесе сәулетшіні толғанып жүрген скульптуралық топ бейнесі дөретушілік қиялға мысал бола алады. Жаңалық, сонылық, қайталанбастық — дөретушілік қиялдың елеулі белгілері.

Әсірелеу және кеміте көрсету әдістері акцент жасау тәсіліне жатады. Жеті басты жыланның, жүз пұттық күрзі ұстаған Илья Муромец бейнелерінің негізінде әсірелеу тәсілі бар. Бармақтай бала, ергежейлі бейнелері кеміте, кішірейте көрсету жолдарымен жасалған.



Фантастикалық бейнелер. Дөретушілік қиял бейнелерінің тағы да бір түрі — фантастикалық бейнелер. Бұларға діни-мистикалық, ертегі-

фантастикалық, ғылыми-фантастикалық бейнелер жатады. Фантастикалық бейнелердің бұл түрлері өздерінің мазмұны мен маңызы жағынан әр тектес болып келгенімен, бәріне ортақ негізгі белгі — оларда табиғатта жоқ объектілердің болатындығы.

Мұрат — адамның өзін-өзі қалыптастыруы жолында жетуге талпынатын нысанасы. Мұрат бейнесінде жеке адамның даму тенденциясы көрініс береді.



4.Дөретушілік. Дөретушіліктен адамның көптеген психикалық саналары ашылады, жеке адамның ішкі мазмұны көрініс береді. Дөретушілік процесс кезінде адамның психикалық әрекеті барынша жоғары деңгейде өтеді. Бұл жеке адамның интеллектуалдық, эмоциялық, еріктік күйіне жатады.

Дөретушіліктің елеулі жақтары беріле әуестену және талпыну. Беріле әуестенген адам үшін дөретушілік өмір мәніне айналады.

Шабыттану күйі — дөретушілік үшін типтік сипат. Шабыт, бір жағынан жоғары жемістілігімен, екінші жағынан адамның күш қуатының зор өрлеуімен сипатталады.


Ғылыми дөретушілік. Ғылыми дөретушілік деп — жаңа ғылыми ұғымдар, жаңа ғылыми теориялар жасауды айтады.

Ғылыми дөретушілік ең маңызды шарты зерттелінетін құбылыстардың жүзеге асу картинасын жаңаша көре білу болып табылады.

Дөретушілік қиял ғылыми дөретушіліктің барлық кезеңдеріндегі ой әрекетінің қажетті компоненті.


Жеке адам сипаты ретіндегі рухтанғыштық адамның романтикалық көңіл күйінен немесе оның ақын жандылығынан көрініс береді.

Романтик дегеніміз ең алдымен болашаққа сеніммен қарайтын, соған қарай бет алып бара жатқан оптимист адам. Болашақ үшін ол қиындық, мұқтаждық қауіптерге шыдауға даяр. Психологиялық жағынан романтизмге алдымен қиялдың ерік саласымен, ер жүректілік және табандылықпен, ниет және қылықтардың жоғары идеялылығы тікелей байланысы тән. Ақын жандылық өршіл сезім мен қиял тұтаса келуімен сипатталады. Бұл, өнер туындыларын, табиғат және алуан түрмен құбылған өмірді ерекше



сезімталдықпен және терең көркемдік қабылдаудан көрініс береді.

Қиялдың ерекше түрі болып саналатын арманмен жеке адамның арманшылдық сипаты байланысып жатады.



ГЛОССАРИ

ИЛЛЮЗИЯ - бұл қоршаған орталықтағы нәрсе және уақиғаларды надұрыс қабылдау.

ГАЛЛЮЦИНАЦИЯ – бұл жоқ нәрселердің көзге көрінуі.

АККОАДАЦИЯ – бұл көз гауһарының өзгеруіне айтылады.

МОНОКУЛЯР және БИНОКУЛЯР – бұл адамзаттың әлемді қабылдауы.

КОНВЕНГЕНЦИЯ – адамзаттың әлемді екі көзі мен қабылдауы.

БИХЕВИОРИЗМ – бұл ғылыми бағдар, мінез-құлық деген мағананы білдіреді.

ГЕШТАЛЬТПСИХОЛОГИЯ - ғылыми бағдар, образ деген мағананы білдіреді.

ФРЕЙДИЗМ – бұл ғылыми бағдар, санасыздық деген мағананы білдіреді.

КАТАРСИС - «психологиялық тазалану»ды білдіретін термин. Образды метафорлық түрде ол төмендегі мәніде пайдаланатын; пайдаланатын драмалық спектакльдердің тамашагөйлерде сахнадағы актерлардан болатын қорқыныш сезімдердегі және басқада ұнамсыз эмоцияларды бақтаудың нәтижесінде келіп шығатын сезімдерден азат ету.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЛИМАТ (ЖАҒДАЙ) - топарда қалыптасқан адамдардың қатынастары тәртібінің жалпы жағдайы, оған сондай-ақ сол болып жатырған уақиғалар қатынасы және олардың бір-біріне болған қатынасы да кіреді.

КОГНИТИВТІК ӘЛСІЗДІК - адамның тұрмысында машқалаларды лайықты шешу объективті, қажетті және жетерлі мүмкіндіктерге ие бола туып, проблемалар пайда болған мүмкіншілікті надұрыс бағалағанан әрекет етуге қорқаннан және өзіне сенбегендіктен олардан пайдалана алмайтындықтан және сол машқалаларды шеше алмайтын адамның психологиялық жағдайы.

КОГНИТИВТІК КЕЛІСПЕУШІЛІК - адамның көз-қарасындағы, білім системасындағы немесе оның өзіне, басқаларға өмірге болған наразылығы, қарама-қарсылығы ұнамсыз эмоционалды жағдайы. Осы жайттан шығуға болған әрекеті.

КОММУНИКАТИВТІК ҚАТЫНАС – адамдардың бір-бірі мен ақпарат алмасу.

КОМПЕНСАЦИЯ - психологиялық қорғану механизмі.

БІЛІМДАНДЫҚ (білгірлік) – адамдағы білім, ұқыптылық және әдеттерінде көрінеді.

КОНВЕРСИЯ - адамның көз-қарасының өзгеруі, немесе қарама-қарсы пікірге өту.

КОНТАМИНАЦИЯ- екі немесе бір неше объекттің, құбылыстың бір-біріне өз-ара бірігуі нәтижесінде олардың біреуінің ішіне басқаларының элементтері кіріп кетеді. Көбінесе адамның жадында сақтау және ойлау процесстерінде болады. Мысалы, еске түсіріліп жатырған уақиғаларға немесе сөйлеуге тиісті құбылыстардың үзінділері араласып кетуі.

ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ (КЕЛІСПЕУШІЛІК) – қарама-қарсы көз-қарастардың талаптардың, мәптердің соқтығысуы.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КРИЗИС (ауыр жағдай) - патологиялық характерге ие емес және адамда пайда болатын әр түрлі жағдайдан, тұрмыс тәрізінен, әттекі өзінен ренжейтін, түңелуі оның рухының төмендеп кетуі.

ЛИБИДО - адамдардың психологиясы және әрекеті ерксіз дәрежеде, көбіне сексуальды жоспарда басқарылатын өзгеше энергиясын білдіретін психоаналитикалық термин.

ЖЕКЕ АДАМ (психологияда) - адамның әрекетін анығтайтын және жетерлі дәрежеде тұрақты болған психологиялық қасиеттерінің және сапаларының жиындысын білдіретін қасиет.

МАЗОХИЗМ – өзін жазалау, өзін-өзі айптау, өзіне істеген тескері әрекеттерінен рахаттану, ләззеттену.

ДЕПРЕССИЯЛЫҚ ПСИХОЗ – психикалық науқастық ол екі жайттың алмасуы мен болатын циклді характерге ие: себепсіз, дәлелсіз, көңіл-күйінен білінетін желікпелік депрессия науқастығы.

МАНИЯ – адамның мазасын және тыныштығын алатын, құтыла алмайтын миға сіңіп қалған идеялар жындылық пен науқасталған жағдай. Бұның әр түрі бар: пиромания-жағып, өртеп жіберуге ұмтылу, клептомания-ұрлық істеуге ұмтылу, салтанатдық маниясы - адамның өзін-өзі ұллы адаммын деп есептеуі.

МИМИКА - бет келбеті, адамның қандай жағдайда тұрғандағын білдіруі.

МНЕМА - ақыл-естің ежелгі аты.

МНЕМОТЕХНИКА (мнемоника) - адам өзінің ақыл-есінің дамуы, өсу, арту материалды жақсырақ есте қалдыру сақтау ұсылдардың және жолдарының системасы.

МОРАЛЬ - адамдардың қоғамдағы психологиясын және әрекеттерін олардың басқа адамдарда дөгеректегі болып жатырған уақиғаларға қатынастарын анығтайтын принциптердің, нормалардың жиындысы.

МОТОРИКА – организмнің және оның бөлектерінің әр түрлі әрекеттері. Бұлшық ет активтігі.

ВЕРБАЛЬ ЕМЕС – сөзлік болмаған қарым-қатынас ұсылы мимика, ымдау, пантомимика.

ВЕРБАЛДЫ – барлық сөзлік болған қарым-қатынас.

ОБСТРУКЦИЯ – бір нәрсені сәтсіздікке ұшыратуға қаратылған тосқындықтар, ашықтан-ашық санақлы әрекеттер.

ПАНТОМИМИКА - Әр қандай мағлұматты іс-әрекеттер системасы мен жеткеру.

ПАРАЛИНГВИСТИКА - Бұл дауыс диапазоны, интонация, пәт, темп, пауза жатады.

ЭКСТРАЛИНГВИСТИКА- Бұл сөйлеу уақытында болатұғын паузалар, жөтеліу, күліу және т. б.

ПАРАПСИХОЛОГИЯ - телепатия, телекинез және басқа да соған ұқсас құбылыстар жатады.

ПЕДАНТИЗМ - қандай да бір нормалар және қағидаларды сақтаудағы оғада қаттылық, бір нәрседегі майдалық, керексіз рәсмишілік, істің талаптарына және дұрыс орындалынуына зиян ететін, қиымдылыққа баратын сыртқы тәртіпті, көріністі жақтаушылық.

ПИКТОГРАФИЯ – жазудың өзгеше түрі, адамдар оны қолданып, өздерінің образдарын, сезімдерін және ойларын сурет түрінде (пиктограмма) көрсетеді.

ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГ – мәселелерді шешу мен шұғылданатын жоғары психологиялық мағлұматты маман. Өз тәжірибесіне сай кәсіптік жәрдем беруді өз ішіне алады.

Әдебиеттер дізімі

- 1.Бабаев С. Психология негіздері. (Оқу-анықтамалық қолданба). Алматы, «Нурпресс», 2012.
- 2.Богословский В. В. Жалпы психология. Алматы, «Мектеп», 1980.
- 3.Давлетшин М.Г. Умумий психология. Т., ТДПУ, 2002.
4. Ғозиев Э. Умумий психология. 1-2 том. Т.,Фан, 2002.
- 5.Ғозиев Э. Психология фани ХХІ асрда. Т., Университет, 2002.
- 6.Ғозиев Э. Психология методологияси. Т., Университет, 2002.
7. Нишанова З.Т., Шеримбетова З. Ш., Байкунусова Г. Ю. Жалпы психология теориясы және практикасы. Ташкент, 2012.
8. Нишанова З.Т. Психик тараққиёт диагностикаси. Т., ТДПУ, 2004.
- 9.Хайдаров Ф.И. Халилова Н., Умумий психология. Т., 2009.

Электрон білім ресурстары

- 1.[www. psychology.net.ru](http://www.psychology.net.ru)
- 2.www.psycatalog.ru
- 3.[www. psychology.net..ru](http://www.psychology.net..ru)
- 4.www.tdpu.uz

МАЗМҰНЫ

1. Психология пәні предметі, міндеттері және әдістері
2. Тұлға және оның психологиялық табиғаты
3. Іс-әрекет психологиясы
4. Қарым-қатнас
5. Зейін
6. Түйсіктер
7. Қабылдау
8. Ес
9. Ойлау
10. Қиял
11. Глоссари